

МЕМЛЕКЕТТІК
ОРГАНДАР
ҚАТЕЛІГІНЕН
ЖЕР ДАУЛАРЫ
КӨБЕЮДЕ

Уәкілетті органдардың азаматтар мен заңды тұлғаларға жер учаскесін табыстау, уақытша өтеулі жер пайдалану құқығымен жалға беру және жер учаскелерін табыстаудан бастарту құзыреті әкімшілік акті қабылдау арқылы жүзеге асырылады. Бұл әкімшілік актілерге дау айту әкімшілік іс жүргізу тәртібімен жүргізіледі.

Қызылорда облысының әкімшілік сотында қаралған істер бойынша жергілікті атқарушылық органдардың актілері мен әрекеттеріне дау айтудың көп бөлігі жер дауынан туындаған. Осы санаттағы істерді қарау барысында жер дауының туындауына мемлекеттік органның, лауазымды тұлғалардың қызметінде кеткен кемшіліктер мен заң бұзушылықтардың негіз болғаны байқалды. Құзыретті органдар жер учаскесіне байланысты шешім қабылдас бұрын ол жердің бос екенін, яғни, басқа тұлғаға берілгенін не берілмегенін тексеруі тиіс. Бұл тұрғыда жер учаскесі жер кадастрының автоматтандырылған ақпараттық базасына бос болса да, егер ол жер учаскесінде бөгде тұлғалардың құрылысы болса да ол жер босатылмай табысталмауы керек. Жер кодексінің 43-бабының 2-тармағы бойынша жер учаскелерін алып қою, оның ішінде осы кодекстің 84-бабына сәйкес мемлекет мұқтажы үшін алып қою жағдайын қоспағанда, жер учаскесіне құқық беруден бастарту облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органның, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл, ауылдық округ әкімінің шешімімен рәсімделеді және ол уәжді болуға тиіс. Дегенмен, бұл актілерді қабылдағанда атқарушы орган өз актілерін уәждемей, жер комиссиясының шешіміне сілтеме жасаумен шектеліп қабылдаған фактілері сотта кездескен.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ
«ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ
ЖАСТАР АСТАНАСЫ» АТАНАДЫ



Президент Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитіне қатысты. Қасым-Жомарт Тоқаев Түркі мемлекеттері ұйымының бейресми саммитін көне Будапешт шаһарында өте жоғары деңгейде ұйымдастырғаны үшін Мажарстанның Премьер-Министрі Виктор Орбанға ризашылығын білдірді.

(Жалғасы 3-бетте)

(Жалғасы 2-бетте)

ҰЛАН – 95

ДАНА БАСЫЛЫМҒА
АЙНАЛҒАН БАЛА-БАСЫЛЫМ

Талай баланың сүйікті досына айналған, талай журналисті бала кезінен қанаттандырып, кәсіби маман ретінде қалыптасуына ықпал еткен «Ұлан» газеті өзінің 95 жылдық мерейтойын Алматыдағы Ұлттық кітапханада атап өтті.

Балалар баспасөзінің қарашаңырағына айналған басылым алғаш рет 1930 жылы 14 наурызда «Пионер» атауымен жарық көріп, кейін «Октябрь балалары», «Қазақстан пионері» атанып, 1990 жылдан бастап «Ұлан» атауымен оқырманға жол тарта бастады.

«Ұланның» қазіргі бас редакторы Жадыра Нармаханова «1990 жылы газетке «Ұлан» атауын берген сол кездегі редактор Ғалым Доскен ағамыз болатын дейді. Одан беріде талай бала «Ұланның» жас тілшісі атанып, жыл сайын өтетін Жас тілшілер форумы дәстүрлі шараға айналды.

Газет тарихында Сансызбай Сарғасқаев, Кемел Тоқаев, Әбілфайыз Ыдырысов, Фариза Оңғарсынова, Сейдахмет Бердіқұлов, Бейбіт Қойшыбаев, Ғалым Доскен сынды қазақ руханиятының көрнекті өкілдері бас редактор болған. Уақыт сұранысына сай түрленген балалар басылымы осы уақыт ішінде көпшіліктің көңілінен шығып келеді. Ғасырға жуық тарихы бар балалар басылымының мерейтойына жиналған нөпір халықтан біз соны ұқтық.

Жиын «Ұлан» газетінің тарихынан сыр шертетін «Ұлан – ұлағатты ұнпарақ» фотокөрмесінен басталды. Фотокөрмеде балалар басылымының ең жарқын сәттері, ел есінде қалған оқиғалар, әр кезеңнің бас редактор-

лары мен журналистерінің, жас тілшілерінің естеліктері қамтылған. Іс шара барысында «Қазақ газеттері» серіктестігінің бас директоры Дихан Қамзабекұлы, А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының директоры Анар Фазылжан және Қазақстан Жазушылар одағының басқарма төрағасы Мереке Құлкенов, Ұлттық кітапхананың директоры Ғазиза Құдайбергенқызының өкілдері арнайы құттықтауларын табыстады.

(Жалғасы 3-бетте)



5-бет

«Қайрат» индустриялық аймағының құрылысы кеңейіп жатыр

6-бет

Зорлық-зомбылық бала тәрбиесіне теріс әсер етеді

8-бет

Тергеуші

САРАП

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАР ҚАТЕЛІГІНЕН ЖЕР ДАУЛАРЫ КӨБЕЮДЕ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Әкімшілік-рәсімдік процестік кодекстің 129-бабы 3-бөлігіне сәйкес, жауапкер әкімшілік актіде аталған негіздемелерге ғана сілтеме жасай алады. Атқарушы органның жер учаскесіне құқық беру туралы өз шешімін онда көрсетілген талаптар орындалғанға дейін, мәселен, тұлға жер учаскесіне мемлекеттік акті алғанға дейін өзгертуі, жоюы мүмкін екенін де назарға алу керек. Мемлекеттік тіркеуден өткен актілердің күшін жоюға атқарушы органның құқығы жоқ. Аталған құжаттарды алған сәттен бастап жер пайдаланушы жеке меншік, тұрақты немесе уақытша жер пайдалану түріндегі жер пайдалану құқығына ие болады, сондықтан құқық туралы туындаған дау сот тәртібімен ғана шешілуі тиіс.

Жер кодексінің талабына сәйкес жер алу кезегінде тұрған азаматтарға жер учаскелері алдымен екі жыл немесе үш жыл мерзімге тұрғын үй алу үшін жалға беріліп, тұрғын үй құрылысы аяқталғаннан кейін жер учаскесін оған жеке меншікке табыстау туралы екінші шешім қабылдануы тиіс. Осы кодекстің 37-бабы 2-тармағы бойынша өз міндетін тиісінше орындаған уақытша өтеулі жер пайдаланушының, егер заңда немесе жалға алу шартында өзгеше белгіленбесе, осы кодекстің 43-бабы 1-тармағының 2), 3), 4), 5) және 8) тармақшаларында белгіленген талаптарды қоспағанда, жер учаскесінің шекаралары өзгермеген жағдайда, ал шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатын-



дағы жер учаскесі үшін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерді пайдалану мониторингінің нәтижелері де болған кезде, осы кодекстің 43-бабында көзделген тәртіппен жаңа мерзімге шарт жасасуға құқығы бар. Осы баптың 2-2-тармағында көрсетілген жағдайды қоспағанда, уақытша өтеулі жер пайдаланушы (жалға алушы) осындай шарт жасасу ниеті туралы уәкілетті органды жалға алу шартында көрсетілген мерзімде, егер шартта мұндай мерзім көрсетілмесе, онда жалға алу шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін үш ай ішінде жазбаша хабардар етуге міндетті. Жалға алу шартының қолданылу мерзімі өткен соң өз міндеттерін тиісінше орындаған уақытша жалға алушының, егер заңдарда немесе жалға алу шартында өзгеше белгіленбесе, жаңа мерзімге

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді цифрландыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулардың енгізілгені мәлім. Соған орай бүгінде өтініштер бұрынғыдай қолма-қол жазылған арызбен емес, электронды тәртіпте қабылданады. Жер учаскесіне құқық беру туралы өтінішті қараудың жалпы мерзімі өтініш келіп түскен кезден бастап отыз жұмыс күнін құрайды. Сондықтан, егер әр тұлға өзінің берген өтініші бойынша тиісті әкімшілік акт қабылданбай немесе ол бойынша жауап берілмеген жағдайда, осы отыз күн мерзім өткеннен кейін сотқа жүгінуге құқылы.

шарт жасасуға басқа тұлғалар алдында артықша құқығы болады. Ал өз міндетін тиісінше орындаған жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдаланушының осы кодекстің 44-2-бабы 4-тармағының 2), 3), 4) және 7) тармақшаларында белгіленген талаптарды қоспағанда, егер осы кодексте өз-

геше көзделмесе, жер учаскесінің шекаралары өзгермеген жағдайда осы кодекстің 44-2-бабында көзделген тәртіппен жаңа мерзімге шарт жасасуға құқығы бар.

Жер учаскесіне тұрғын үй құрылысын тұрғызу жер пайдаланушының қаржылық жағдайына байланысты болғандықтан, сотқа түскен даулардың басым көпшілігінде талап қоюшылар мерзім ішінде құрылысты толық салмаған немесе салып бастамаған, ал жер учаскесін жалға алу шартының мерзімі аяқталғаны анықталды. Сотта жергілікті атқарушы орган олардың жер учаскесін жаңа мерзімге беріп, жалға алу мерзімін ұзарту туралы өтінішін қанағаттандырудан бас тартқан. Көбінесе осындай актілер дауланады. Бас тартудың негізгі себебі тұрғын үйдің құрылысының болмауы және өтініш мерзімінің өтуі. Жалпы, жер пайдаланушылар тұрғын үй құрылысын салуға мүмкіндігі болмаса, мерзімді ұзарту туралы өтінішпен құзырлы мекемеге жүгінуге керек. Даулар осындай өз құқығын дұрыс қолданбау салдарынан да туындайды.

Қазақстан Республикасының

Жер учаскесіне құқық беру туралы өтінішті қараудың жалпы мерзімі өтініш келіп түскен кезден бастап отыз жұмыс күнін құрайды. Сондықтан, егер әр тұлға өзінің берген өтініші бойынша тиісті әкімшілік акт қабылданбай немесе ол бойынша жауап берілмеген жағдайда, осы отыз күн мерзім өткеннен кейін сотқа жүгінуге құқылы.

Жер кодексінің 44-1 және 44-2-баптарында көзделген жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік меншіктегі жерден, сондай-ақ осы кодекстің 48-бабына сәйкес сауда-саттыққа шығарылатын жерден жер учаскесіне құқық беру тәртібі кодекстің 43-бабында бекітілген. Жер комиссиясы отырысының дыбыс-бейнежазбасы міндетті түрде жүргізілуі керек. Комиссия қорытындысы екі жұмыс күні ішінде хаттамалық шешім нысанында үш данада жасалады. Оның бір данасы қол қойылған кезден бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушіге қолма-қол, пошта, электрондық құжатпен табыс етілу керек. Қорытындымен келіспеген өтініш беруші хаттамалық шешімге оны алған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде сотқа шағым жасауға құқылы.

Жер кодексінде жер комиссиясы қорытындысын даулау мерзімі бекітілгендіктен, ӘРПҚ-нің актілерге дау келтіру мерзімі қолданылмайды, сотқа жүгінуге мерзімі осы арнайы нормамен айқындалады. Бұл мерзімді өткізіп алып, әкімнің жер учаскесін табыстаудан бастарту туралы қаулысы қабылданған жағдайда, өтініш берушінің осы қаулыны даулауға құқығы болады.

Жер комиссиясының оң қорытындысы қабылданған күннен бастап бір жылға жарамды. Осы мерзімді өткізіп алу жергілікті атқарушы органның жер учаскесіне құқық беруден бас тарту туралы шешім қабылдауы үшін негіз болып табылады. Сондықтан, оң қорытынды берілгеннен кейін өтініш беруші белгілі мерзім ішінде жерге орналастыру жобасын әзірлетіп, бекітіп алуы қажет.

Гүлжан МЫРЗАТАЕВА,
Қызылорда облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының төрағасы

ПАЙЫМ

СОТ РЕФОРМАЛАРЫ САЛАНЫҢ ДАМУЫНА СЕРПІН БЕРДІ

Реформалар – кез келген саланы дамытудың, жаңа биікке көтерудің мүмкіндігі. Үнді елінің белгілі қоғам қайраткері Махатма Ганди «Жеттім, толдым деген адамның дамуы тоқтап, міндетті түрде кері кетуі басталады» деген екен. Сол секілді бір орында тұрып, бір шеңберден шықпаған салада да ілгерілеу болмайды. Сондықтан, сот саласында үнемі жаңа бастамалар қолға алынып, түрлі реформалар тәжірибеге енгізілуде.

Сот жүйесіндегі реформалар әшейін реформа жасалды деген ат үшін жүргізілмейді. Мұндай іргелі істердің қолға алынуына ең алдымен азаматтардың ұсыныс-пікірі, талап-тілегі түрткі болып жатады. Әсіресе, «Сот кабинеті» сервисі арқылы жүргізілген сауалнамалардың соттың алдағы бағыт-бағдарын айқындауда, кемшіліктерді анықтап, қателіктерді жоюда көмегі көп. Сауалнамаларда азаматтар сот барысында орын алған олқылықтарды, өздері байқаған кем-кетіктерді дәл көрсетеді. Сонымен бірге, ұсыныс-тілектерін де бүкпесіз жеткізеді. Ал соттың ең басты тұтынушысы да, сыншысы да халық болғандықтан, көпшіліктің қалауына қарай саланың жұмысын жандандыру басты парыз.

Екіншіден, заман бір орында тұрған жоқ. Қоғам ілгерілеген сайын қажеттіліктер де өзгеруде. Қоғаммен үндесе даму үшін әр салада түрлі реформалардың жүргізілуі заңдылық.

Үшіншіден, халықаралық үрдістер, озық елдердің тәжірибесі де сот саласының жұмысында жаңа бастамалар мен жобалардың қолға алынуына ықпал етуде.

Халықтың үніне құлақ асып, соттың дамуына мүдделілік та-

нытқан Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев та жыл сайынғы жолдауларында саланы жетілдіруге түрткі болатын тың тапсырмаларын көпшілік талқысына ұсынып келеді. Осылайша Президент жолдаулары мен республика судьяларының съездерінде көтерілген мәселелер жаңа реформалардың өзегіне айналууда. Жаңашылдықтардың арқасында көптеген заңдар қабылданып, қолданыстағы маңызды заңнамаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Соның нәтижесінде тергеу соттарының құзыреті кеңейтіліп, алқабилер қарайтын істердің саны көбейді. Әкімшілік әділет институты тәжірибеге енгізіліп, судьялардың мәртебесі мен тәуелсіздігін нығайтуға қатысты жаңашылдықтар көпшіліктің көңілінен шықты. Қазіргі кезде дербес кассациялық соттарды құру, жұмысын бірізге түсіру бағытында кешенді жұмыстар жүргізілуде.

Республика судьяларының ІХ съезіне қатысқан Президент цифрлық технологияларды енгізу азаматтардың сот процесіне қатысуын едәуір жеңілдетіп, сот қызметінің ашықтығын арттыратынын атап өткен еді. Сот саласына жаңа технология жетістіктерін пайдалану, роботтандыру

үдерісін сот процестерінде қолдану, жасанды интеллект көмегімен сот істерін жылдам, сапалы, ашық қарауға қол жеткізу – бүгінгі сот жұмысының басым бағыттары.

Қазірдің өзінде қазақстандық сот сандық технологияны сенімді игергенін нақты тәжірибеде көрсетуде. Оны тікелей трансляцияда өткізіліп жатқан ашық сот отырыстарынан анық аңғаруға болады. Тек Қазақстан халқы ғана емес, бүкіл әлем көз тігіп отырған тікелей сот отырыстарына қарап судьялардың қаншалықты білімді екенін, көпшілік алдында өзін ұстауға бейімделгенін, сандық технологияны жетік меңгергенін байқау қиын емес. Осының бәрі сот саласының бір орында тұрмай, үздіксіз дамып келе жатқанын көрсетеді.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының төрағасы Асламбек Мерғалиев: «Сот реформасы – бұл инфрақұрылымды жаңарту ғана емес, бұл барлық қатысушы тараптардың ұжымдық күш-жігерін талап ететін стратегиялық мақсат. Біздің мақсатымыз – қоғамның заманауи талаптарына жауап беретін және барлық азаматтар үшін сот төрелігіне қол жеткізуге кепілдік беретін жүйені құру» деген болатын. Төраға атап өткендей жаңа реформалар шын мәнінде сот жұмысына серпін беруімен құнды болып отыр. Сот пен халықты жақындатып, көпшіліктің сенімін нығайтуға ықпал ететін жаңа реформалар алдағы уақытта да жалғасын таба бермек.

Берік УТЕЕВ,
Ақтау қаласы
мамандандырылған
тергеу сотының төрағасы

ОҢ ҚАДАМ

«ЦИФРЛЫҚ СОТ ОРЫНДАУШЫ» – БОРЫШКЕРЛЕР ҚАРЖЫСЫН ҮНЕМДЕЙДІ



Қанат БАЗАРБАЕВ,
Алматы қаласы
Әділет департаменті
басшысының орынбасары

Атқарушылық құжаттарды уақытылы орындауға қатысты мәселе бұрын да болған, қазір де бар. Әділет органдары тарапынан бұл түйткілді заңды, негізді, сапалы шешу мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылып келеді. Әділет министрлігі тарапынан іске қосылған «Цифрлық сот орындаушы» жобасы сондай ілкімді шаралардың бірі. Бұл жүйе азаматтардың қаражатын үнемдеуге барынша мүмкіндік береді.

Отбасында қиындыққа тап болған, тұрғылықты үй-жайы жоқ, тұрақты жұмыспен қамтылмаған, белгілі бір кәсіпті игермеген азаматтарға сот актілерін орындап, берешегін дер кезінде қайтару оңай емес. Бір қарызын өтей алмаған азаматтардың екінші қарызды жамап, тығырыққа тірелетіні де сондықтан. Осыған орай Әділет органдары борышкерлердің жағдайына түсіністікпен қарап, қаржылық жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік ұсынып келеді. Айталық Әділет органдары

мемлекеттік құрылым, жеке кәсіпкерлермен, бизнес өкілдерімен бірігіп бос орындар жәрмеңкесін өткізуді дәстүрге айналдырған. Осындай шаралар кезінде жұмыссыз жүрген борышкерлердің көпшілігі өзіне лайық жұмыс тауып, берешегін қайтаруға жол ашылады.

Сонымен қатар, «Цифрлық сот орындаушы» жобасы да борышкерлер үшін қаржы үнемдеудің тиімді тетігі десек қателеспейміз. Бұрын қарызды уақытылы өтемеген жағдайда, азаматтар жеке сот орындаушының қызметі үшін айыппұл сомасына қосымша 25% қаражат төлеуге міндетті болған. Енді азаматтар осы шығындардан және жеке сот орындаушыларға барудан босатылды. Мәселен, 20 АЕК-ке дейінгі сомадағы оңайлатылған өндіріске азаматтар EGOV Mobile-ден іс туралы егжей-тегжейлі ақпараты бар 1414-тен SMS хабарламалар мен push-хабарламалар алатын болады.

Халыққа ыңғайлы болу үшін барлық салынған тыйымдар автоматты түрде алынып тасталып, берешекті онлайн төлеу қолжетімді болып отыр. Осылайша, адами фактор толығымен жойылады. Сонымен қатар жеке сот орындаушылар қызмет ақысына төлейтін 25% қаржы да азаматтардың өз қалтасында қалады. Сот орындаушыларымен байланысудың қажеті жоқ, барлық әрекеттер онлайн режимінде жүргізіледі, өндірісті тоқтату және қамауға алу-ды алып тастау үшін түбіртектер мен басқа да растайтын құжаттарды ұсыну керек етілмейді.

Осы ретте күнтізбелік 30 күн ішінде атқарушылық құжаттың талаптары орындалмаған жағдайда, іс жеке сот орындаушысына орындауға берілетін болады және одан кейінгі атқарушылық әрекеттер комиссияны өндіріп ала отырып, жалпы тәртіппен жүзеге асырылады. Сондықтан, борышкерлер сот актілерін уақытылы өтеп, қаржысын үнемдеуге көңіл бөлгені жөн.

БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ «ТҮРКІ МЕМЛЕКЕТТЕРІ ҰЙЫМЫНЫҢ ЖАСТАР АСТАНАСЫ» АТАНАДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бүгінгі алқалы жиынның Еуропа төрінде өтуінің айрықша мәні бар. Біз мажар жұртының қарт құрлықта тұғырлы мемлекет болып отырғанына дән ризамыз. Бүгін бәрімізді түбі бір түркі бауырларым деп құшақ жая қарсы алып жатсыздар. Мұны, шын мәнінде, мызғымас достығымыздың айқын көрінісі деп санаймын. Біз ынтымағы жарасқан елдеріміздің бірлігін бекемдеп, тамыры бір тарихымыз бен салт-дәстүрлерімізді ұлықтап келеміз, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, «Шығыс пен Батыс тоғысқан тұс» атауымен ұйымдастырылған саммит алып құрлықтың ұлан-ғайыр аумағын иеленіп жатқан түркі елдерінің мүддесіне, стратегиялық мақсат-міндетіне сай келеді. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайда ұйым аясындағы ынтымақтастықтың мәні тіпті артты. Бұл ретте Қасым-Жомарт Тоқаев түркі жұртының татулығы мен өзара байланысын нығайту, тұтастығын бекемдей түсу мақсатында Қазақстан қабылдаған кешенді шараларға тоқталды.

– Атап айтсақ, Түркі мемлекеттері ұйымының жанындағы Қазақстанның Тұрақты өкілін тағайындады. Көп ұзамай Тұрақты өкілдік ашуды жоспарлап отырмыз. Астанада



11-12 маусым күндері Түркі мемлекеттері Парламенттік Ассамблеясының XIV пленарлық отырысы өтеді. Ақтау қаласы биыл Түркі әлемінің мәдени астанасы ретінде жарияланды. Осы мәртебелі міндетті жоғары деңгейде атқару үшін нақты іс-шаралар қолға алынды. Қазақстанның бастамасымен өткен аптада Орталық сайлау органдарының консультативтік платформасы құрылды. Оның алғашқы отырысы киелі Түркістан қаласында табысты өтті. Ортақ келісім бойынша биыл маусым айынан бастап Алматы қаласы «Түркі мемлекеттері ұйымының жастар астанасы» атанады. Осылай-

ша, біз түркі бірлігін нығайтамыз, – деді Президент. Қасым Жомарт Тоқаевтың пікірінше, Түркі мемлекеттері ұйымына мүше елдер өзара қол жеткізген келісімдерді сақтауы қажет.

– Тағы бір аса маңызды мәселе, бұл – біздің ұйымның шеңберінде қабылданған құжаттардағы ережелерді қатаң сақтау. Процедура мәселесі болсын, саяси және экономика сұрақтары болсын – келісімдердің ережелерінің барлығын құрметтеу, сақтау қажет, міндетті түрде іске асыру керек, – деді Президент.

Мемлекет басшысы соңғы кездегі тарифке қатысты оқиғалар жаһан-

дық сауда саясатындағы өте үлкен өзгерістерге себеп болғанына назар аударды. Президент мұндай дағдарыстар түрлі сын-қатер тудырумен қатар, жаңа мүмкіндіктерге жол ашатынын алға тартып, өнеркәсіп, көлік-транзит, ауыл шаруашылығы, цифрландыру сияқты бағыттар бойынша бірлесе әрекет етуді ұсынды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Орта дәлізді Шығыс пен Батыстың арасындағы негізгі көпірге айналдыруды стратегиялық міндет ретінде атады. Бұл ретте Президент еліміз Қырғызстанмен және Өзбекстанмен шекарадағы рәсімдерді цифрландыру, жүк транзитін жеңілдету үшін нақты шаралар қабылдап жатқанын, сондай-ақ Қазақстан-Қытай шекарасында үшінші темір жол бекетін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Осы орайда Қасым-Жомарт Тоқаев бауырлас елдерді ірі инфрақұрылымдық жобаларды бірлесіп жүзеге асыруға, соның ішінде «Солтүстік – Оңтүстік» бағыты бойынша халықаралық көлік қатынасын дамытуға шақырды. Аталған жоба түркі елдерінің өңірлік транзит хабы ретіндегі рөлін едәуір нығайтады.

Президент мұнай, газ, уран және тағы да басқа тауарларды жеткізу тізбегін әртараптандыру ісінде ұйымның әлеуетін пайдалану қажет екеніне назар аударды. Осы ретте Қазақстаннан Еуропа бағытында мұнай жеткізуді арттыру жобасын қолдағаны үшін Әзірбайжан Президенті Ильхам Әлиевке алғыс айтты.

Бұдан бөлек, Қасым-Жомарт Тоқаев соңғы уақытта халықаралық сарапшылар Транскаспий мұнай және газ құбырларын салу бастамасын талқылап жүргенін атап өтіп, мұндай жобалар өте ауқымды және трансұлттық деңгейдегі ықпалдастықты талап ететінін жеткізді. Мемлекет басшысының айтуынша, цифрландыру және ақпараттық

технологиялар саласындағы ынтымақтастықтың болашағы зор. Биыл еліміз Каспий теңізі арқылы оптикалық-талшықты кабель тарту жобасын жүзеге асыра бастады. Соның нәтижесінде аймақтағы цифрлық байланыс нығая түседі.

– Елдер арасындағы сауда-саттықты жандандырып, тауар түрін көбейту қажет. Өткен жылы Қазақстанның ұйымға мүше елдермен арадағы алыс-берісі 11,4 миллиард долларға жетті. Бұл – еліміздің сыртқы саудасының 8 пайызына тең. Әрине, жақсы көрсеткіш. Дегенмен оны арттыра түсу керек. Осыған орай, сауда-саттықты дамыту үшін арнайы құжат әзірлеуді ұсынамын, – деді Президент.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы саласындағы ықпалдастықты күшейтуге баса мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымы мен Түркі мемлекеттері ұйымы арасындағы ынтымақтастықты арттырудың маңызына тоқталды.

Мемлекет басшысының пікірінше, әлемде жиілеген табиғат апаттарына қарсы тұру үшін күш жұмылдыру мәселесі аса өзекті. Мәселен, соңғы жылдары Каспий теңізінің деңгейі айтарлықтай төмендеп кетті. Бұл жағдай аймақтың экологиясы мен экономикасына, халықтың әл-ауқатына кері әсерін тигізуде. Президент түркі елдерін осыған қатысты бірлескен ғылыми зерттеулер жүргізуге және ортақ жобалар әзірлеуге үндеді. Саммитте Мажарстан Премьер-Министрі Виктор Орбан, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Әзірбайжан Президенті Ильхам Әлиев, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев және ТМҰ Бас хатшысы Кубанычбек Өмірәлиев сөз сөйледі.

Ақорданың баспасөз қызметі

ҰЛАН – 95

ДАНА БАСЫЛЫМҒА АЙНАЛҒАН БАЛА-БАСЫЛЫМ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ахмет Жұбанов атындағы музыкалық мектеп-интернатының, №143 мектеп-лицейінің және №58 мектептің оқушылары сүйікті басылымдарына ән-жырдан шашу

арнап, жиналғандарға көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Мерейтойға келушілердің арнайы кітапшаға тілек жазып, ескі газет тігінділерін ақтауына да толық мүмкіндік берілген.

Мерейтой соңында «Ұлан» газеті мен Зейнолла Сәнік қорының ұйымдастыруымен оқушылар арасында өткен «Тастүлек» шығармашылық байқауының жеңімпаздары марапатталды. Балалардың жүрегіне жол тапқан басылым уақыт сынынан сүрінбей өтіп, бүгінгі күнге дейін өз миссиясын лайықты атқарып келеді. Ендеше талай баланы тәрбиелеуге ықпал еткен басылымның алдағы уақытта да оқырман саны көбейіп, көркейе беруін тілейміз!

**Қ.ЕРМЕКОВА,
«Заң газеті»**

ӘДІЛЕТ

ҚР Әділет министрлігі «Банк Центр Кредит» АҚ-мен бірлесе отырып, bcc.kz мобильді қосымшасында жаңа «Цифрлық нотариат» қызметін іске қосты. Жаңа сервис азаматтарға нотариаттық қызметтерді толық онлайн түрде алуға мүмкіндік береді. Бұл – жедел, ыңғайлы және заңды күші бар рәсім.



ЦИФРЛЫҚ НОТАРИАТ ҚОЛЖЕТІМДІ

Енді сенімхат рәсімдеу, нотариустың нотариаттық келісім алу немесе нотариустан кеңес алу – тікелей смартфон арқылы кезекке тұрусыз, жол жүрмей, қағаз-бастылықсыз жүргізіледі. Өтініш беру, төлем жасау және дайын құжатты алу кезеңдерінің бәрі қосымшада жүзеге асады. Жеке басты растау үшін нотариуспен бейнеқоңырау қарастырылған, ал құжаттар ЭЦҚ арқылы қол қойылып, автоматты түрде «Цифрлық құжаттар» бөлімінде сақталады.

«Цифрлық нотариат енгізу – азаматтар мен нотариустар арасындағы өзара іс-қимылды жеңілдететін және бюрократияға жол бермейтін маңызды қадам. Бұрын азаматтар нотариусқа барып, жеке басын растауы керек болса, енді бұл талап байнебайланыс арқылы орындалады. Жоба іске қосылғалы бері 350 мыңға жуық нотариаттық қызмет көрсетілді. Қызметке деген жоғары сұраныс пен қажеттілікті ескере отырып, біз бұл жобаны Банк Центр Кредит платформасында кеңейтіп отырмыз. Бұл – технологиялардың халық игілігі үшін жұмыс істеп жатқанының жарқын мысалы», – деп атап өтті Әділет вице-министрі Бекболат Молдабеков.

«Біз азаматтардың бұрын тек жеке қатысуымен ғана қолжетімді болған қызметтерді онлайн форматқа көшіру үшін үнемі жұмыс істеп келеміз. Цифрлық нотариат – технологиялардың маңызды өмірлік процестерді жеңілдетудің айқын мысалы. Бұл сервис клиенттеріміз үшін шынымен пайдалы боларына сенеміз» – деді «Банк Центр Кредит» АҚ вице-президенті Жұлдыз Қайыржанова.

Жаңа сервис әсіресе, шетелде немесе нотариаттық қызметтер шектеулі шалғай өңірлерде тұратын қазақстандықтар үшін өте пайдалы. Енді маңызды заңдық мәселелерді кез келген уақытта және әлемнің кез келген нүктесінде отырып, жылдам әрі оңай шешуге болады.

Жаңа қызметті пайдалану үшін bcc.kz мобильді қосымшасын ашып, «Мемлекеттік қызметтер» бөліміне кіріп «Цифрлық нотариат» бөлімін таңдау жеткілікті.

**Е.ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»**

ЛЕБІЗ

Қалбай ӘДІЛ, ардагер журналист, жазушы:

« ҰЛАННЫҢ» ШЕКПЕНІНЕН ШЫҚҚАНДАР

Астанадан арнайы келген «Қазақ газеттері» дейтін дәй мекеменің бастығы Дихан Қамзабекұлы бізді осылай деп таныстырды. Үстел үстіндегі төселіп жатқан газеттің сарғайып кеткен ескі сандарын аударып шықтық. Ғасырлық шежіре.

Тұнып жатқан тарих. Отызыншы жылдардағы Сталинге алғыс айтқан хаттарды оқығанда қалай жаның ауырмасын?! Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі балалар тағдыры да еңсені еседі. Мына газеттегі бұрынғы редакторы Уәлихан Қали-

жанұлының сұхбатын оқып «Ұлан» шежіресін ақтарғандай боласың. Ортасына ойып салынған Аманхан Әлімұлының естелігі қызық екен. Мереке құтты болсын! «Ұлан» газетіне ұланғайыр өмір тілеймін.



Қанат ӘУЕСБАЙ, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті журналистика факультетінің деканы:

ҰСТАХАНА

жаһанның жаңалығынан құлағдар, көркем әдебиетті де сүйетін еді. Атамыз облыстық, республикалық газеттің деңіні өзі жаздырып алып, бізге оқытатын. Бір күні мақала жазуға көндірді.

«Ұлан» газетіне шыққан алғашқы мақалам Жамбыл атамыздың 150 жылдығына мектебізде өткен кеш туралы «Ғасырдың қарт бұлбұлы» болды. Жамбыл атамыздың кеші туралы мақалам шыққаны сол, атағымыз жер-көкке тарап, мектепте «тілші бала» атанғанымыз да бар. Содан тұрақты жазып тұрдық. Жіберген мақаламның бәрі бірдей шықпай зарықтыратын. Әлі есімде, «Ұланның» қызметкерлері марқұм Жолдасбек Дуанабай, Кеңес

Оразбекұлынан «Құрметті жас тілші Қанам! Жазуың жақсы. Бірақ мақаланы әлі де ширата түсу керек. Саған үміт артамыз» деген жауап хаттар көп келетін. Шықпай қалғанына ұнжырғамыз түспейтін. Қайта ол хаттар бізді жақсы жазуға, ойлы жазуға жетелейтін. Қанатымызды қомдап, шабытымызды үстейтін. «Ұлан» газеті талай жас өреннің журналистикаға деген талпынысының ұстаханасы еді, қазір де солай. «Ұланым» 95 дейтін абыз ақсақалдың жасына келіпті.

Мамандықты таңдауыма «Ұлан» мен атам Сақым себепші. «Ұланым» да, марқұм атама да ризамын. Тоқсан бесін құтты болсын, мәңгі бала бейне «Ұланым».



Бүгін «Ұлан» газетінің 95 жылдығы аясындағы іс-шаралегі түйінделген күн болды. Оның алдында «Ұланым» журналистика факультетімен бірлесіп, дәстүрлі «Жас тілші» форумын өткізген едік. Әлқисса, 1996-жыл болатын. Мектебімізде өткен кешіміз туралы Сақыпкерей атам газетке мақала жазуды ұсынды. Ондағы ойы, немересін журналистікке баулу, қаламгерлікке бағыттау екен. Ката-ракта ауруы меңдеп, қос жанарын сылып алып тастаған атамыздың көзі көрмесе де, көкірек-көзі ояу еді. Елдің һәм бүтін

Қарағөз СМАДІЛ, журналист:

СЕН МАҒАН ЖАЗУДЫ ҮЙРЕТТІҢ...

Оқушы кезімде өзіңнен хат келмесе жабырқап қалатынымын. «Мына жазғаның басуға жарамайды-ау» деп маңдайымнан сипай отырып, жазудағы кем-кетігімді түзеуге тырысқан әрбір хатың үйде әлі күнге сақтаулы тұр. Сұлтан Қалиев, Алма Ұмбеттегі, Жолдасбек Дуанабай, Әділ Балта сынды ағалар мен апайлардан келген

хатты жүз қайтара оқитынымын.

Сен маған жазуды үйреттің, «Ұланым»! Өзіңе жолдаған, басуға жараған, жарамаған жазбаларымның бәрінде сенің тәлімгерлік тәрбиен, түзеткен қаламыңның ізі бар.

Сен маған дос болуды үйреттің. Абралыдан тапқан Лаура есімді құрбыммен оқуға түскенше хат алыстым. Тек



кейін хаттарым бармай қалды. Айтқандай, сол Лаурамен қайта кездесуге көмектесіңі?

Сен мені хат күтуге үйреттің, «Ұланым», сол көп күткен хатты аялап сақтауды үйреттің.

КАССАЦИЯЛЫҚ СОТ

Құқықтық мемлекеттің негізі – заңның үстемдігі мен әділ сот төрелігі. Осы қағидаттарды іске асыруда кассациялық соттың рөлі ерекше. Бұл инстанция – сот жүйесінің жоғарғы сатысы ғана емес, сонымен қатар азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының нақты қорғалуын қамтамасыз ететін маңызды тетік.

ЗАҢ ҮСТЕМДІГІН АЙҚЫНДАЙТЫН МАҢЫЗДЫ САТЫ

Кассациялық тәртіппен қарау, ең алдымен, төменгі сот сатыларында шығарылған шешімдердегі процессуалдық және материалдық құқық нормаларының дұрыс қолданылуын тексереді. Істің мәні қайта қаралмайды, алайда сот актісінің заңдылығы мен негізділігі терең сарапталады. Бұл – әділеттілікті қалпына келтіру үшін берілетін соңғы мүмкіндік.

Азаматтық процестік кодекстің 438-бабына сәйкес, кассациялық шағым немесе наразылық тек заңның өрескел бұзылуы орын алған жағдайда қаралуы тиіс. Бұл талап – сот жүйесінің тұрақтылығын, шешімдердің құқықтық тұрғыдан дәйектілігін сақтауға бағытталған.

Кассациялық инстанция – жай ғана қадағалау органы емес. Бұл – қоғамның сотқа деген сенімін қалыптастыратын, құқық үстемдігін нақты қамтамасыз ететін құрылым. Оның шешімдері ел ішіндегі құқықтық саясаттың бағытын айқындап, құқықтық мәдениеттің дамуына ықпал етеді.

Судьяның кәсіби жауапкершілігі мен ішкі заңгерлік әдебі, әсіресе кассациялық сатыда ерекше маңызға ие. Себебі бұл деңгейде қабылданған әрбір шешім тек бір істің тағдырын емес, тұтас құқықтық жүйенің беделін айқындайды. Осы орайда, ҚР Жоғарғы Соты тарапынан жүргізіліп жатқан цифрландыру, сот актілерінің ашықтығы және бірізді сот тәжірибесін қалыптастыру жұмыстары – кассациялық сатының пәрменділігін одан әрі арттыра түсетіні сөзсіз.

Қорытындылай келе кассациялық сот – бұл құқық пен әділеттің соңғы бекінісі. Оның әділдігіне деген сенім – қоғамның заңға, мемлекетке және болашаққа деген сенімінің көрсеткіші.

**Е.ЖЕТКЕРГЕН,
Ақтөбе қаласының әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының төрағасы**

МЕРЕЙ

ЕЛ ЕРТЕҢІ – ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Қазақстан тәуелсіздігі – халқымыздың ғасырлар бойы армандаған ең үлкен жетістігі. Бұл – ата-бабаларымыздың ерлігі мен жанқиярлық күресінің, елдік мұрат жолындағы табандылығының жемісі. 1991 жылғы 16 желтоқсан – Қазақстан тарихындағы ең маңызды күндердің бірі. Бұл күні еліміз егемендігін жариялап, өз алдына тәуелсіз мемлекет ретінде жаңа даму жолына түсті.

Тәуелсіздікке дейін Қазақстан көптеген тарихи кезеңдерден өтті. Түркі қағанаты, Қазақ хандығы, патшалық Ресейдің бодандығы, Кеңес Одағының құрамындағы күрделі жылдар – барлығы да еліміздің шынайы еркіндікке ұмтылысының куәсі болды. Кеңестік дәуірде Қазақстан экономикасы мен мәдениеті белгілі бір деңгейде дамығанымен, ұлттық мүдде мен еркіндік шектелді.

1991 жылы Кеңес Одағы ыдырап, бұрынғы республикалар бірінен соң бірі тәуелсіздігін жариялай бастады. Қазақстан да осы тарихи сәтте өз тәуелсіздігін алды. Бұл оқиға – халықтың саяси және рухани жаңғыруына жол ашты. Егемен ел ретінде Қазақстан өзінің Конституциясын қабылдап, ұлттық рәміздерін бекітті. Мемлекеттік тіл ретінде қазақ тілі заңды түрде бекітілді.

Тәуелсіздік жылдары еліміз экономикада, саясатта, мәдениетте және халықаралық қатынастарда

үлкен жетістіктерге жетті. Астана – жаңа заманауи мегаполиске айналып, елдің тәуелсіздігінің символы ретінде танылды. Қазақстан – Біріккен Ұлттар Ұйымы, ТМД, ШЫҰ, ЕҚЫҰ секілді халықаралық ұйымдардың белсенді мүшесі. Еліміздің бейбітшілікке, ядролық қарудан азат әлемге қосқан үлесі де зор.

Қазақстан Республикасының тәуелсіздігі – барша қазақ халқы үшін баға жетпес құндылық. Бұл – ұрпаққа аманат, болашаққа бағдар. Ендігі міндет – осы тәуелсіздікті көздің қарашығындай қорғап, оны нығайту. Жастар елінің тарихын, тілін, мәдениетін құрметтеп, елжанды, білімді азамат болуға ұмтылуы тиіс. Тәуелсіз елдің болашағы – саналы, отансүйгіш ұрпақтың қолында.

**Абзал БАЛАБЕКОВ,
Көкшетау қаласы
мамандандырылған
тергеу сотының судьясы**

АТА ЗАҢ

МЕМЛЕКЕТТІҢ АЛТЫН ҚАЗЫҒЫ

Ата Заң – халқымыздың ғасырлар бойы тәуелсіз ел болуын көксеген армандарын жүзеге асырған, мемлекеттігіміздің алтын қазығы, қазақстандықтардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерінің кепілі.

Еліміздің әрбір азаматы Конституцияның асқақ рухы мен маңызын, тарихын жақсы білуі тиіс. Ата Заңымызды құрметтеу, ондағы қағидаларды бұлжытпай сақтау арқылы және оның тарихы мен маңызын жетік білуіміздің арқасында біз өз елімізді, тарихымызды, құндылықтарымызды құрметтейміз және еліміздің дамуына, қоғамдық келісімге, бейбітшілік пен тыныштыққа қол жеткізе аламыз.

Конституция қағидалары толықтай елімізді демократияландыруға, экономикалық өрлеу-

ге, халықаралық деңгейде өсуге, ішкі деңгейді – әлеуметтік, саяси-құқықтық тұрақтылыққа, ауызбірлікке шақырады.

Елімізде көптеген этнос өкілдері тату-тәтті ғұмыр кешуде. Жыл өткен сайын халықтың әл-ауқаты жақсарып, ауылдарымыз көркейіп, ұлтаралық татулығымыз нығая түсуде.

Дүниежүзіндегі елдердің барлығында мемлекеттік басқару тетігі Конституция негізінде және соның аясында жұмыс істейді. Бұл кез келген құқықтық мемлекеттің басты өмірлік нормасы.

Халқымыз – мемлекеттің ең басты байлығы болса, Ата Заңымыз – айбынымыз.

**Индира БОРАНОВА,
Мақат аудандық соты
әкімшісінің жетекші маманы
АТЫРАУ ОБЛЫСЫ**

ЖАҢҒЫРЫҚ

ЕРЛІККЕ ТАҒЗЫМ – ҰРПАҚҚА ҮЛГІ

Тарих парақтарына үңіле қарасақ, қазақ халқының азаттығы жолында ата-бабаларымыз ерлік пен елдіктің талай үлгісін көрсетіпті. Ерлік елдің мұрасы, ұрпақ аманаты десек қателеспейміз. Төрт жылға созылған соғыс әр отбасына көп қайғы әкелді. 630 мың қазақстандық соғыстан қайтып оралмады. 500 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағын алды.

2025 жылы адамзат тарихындағы ең ауыр соғыстың аяқталғанына 80 жыл толды. Бұл – тек бір мемлекеттің емес, күллі адамзаттың жеңісі. Бұл – тарих бетінде алтын әріптермен жазылған, ұлттың намысын, ерлердің ерлігін паш ететін ұлы күн. 1941–1945 жылдар аралығындағы сұрапыл соғыста миллиондаған адам жанын қиды. Олардың әрқайсысының ерлігі – бүгінгі бейбіт күннің іргетасы. Осы ұлы күнді жақындату үшін жанын қиған батырларымыздың ерлігі – мәңгілік мақтанышымыз.

Жеңіс оңай келген жоқ. Майдан даласында қан кешіп, ұрыс салған батырларымыз бен тылда еңбек еткен аналарымыздың қайсарлығы мен қажырлы еңбегі – ерлік пен төзімнің биік үлгісі. Қан майданда ерлікпен шайқасқан аталарымыз бен тылда тынымсыз еңбек еткен әжелеріміздің ерлігі ешқашан ұмытылмайды. Олар ел үшін, болашақ ұрпақ үшін күресті. Сол кезеңдегі халықтың бірлігі мен рухының күші – бүгінгі ұрпақ үшін зор тәрбие. Ел үшін құрбан болғандарды еске алу – келер ұрпақтың борышы.

«Ерлікке тағзым – ұрпаққа үлгі» деген ұран тек сөз емес – ол тарихи жадыны сақтау, құрметтеу, ұрпақ санасына ерліктің мәңгі өлмейтінін сіңіру. Ардагерлерімізге құрмет көрсету, олардың өнегелі өмір жолын ұлықтау бүгінгі буынға артылған парыз. Батыр бабаларымыздың асқақ рухы мен елге деген шексіз сүйіспеншілігі – бүгінгі ұрпаққа өнеге. Бейбіт өмірді қадірлеу, елге адал қызмет ету сол ерліктің жалғасы.

Болашақ ұрпаққа берілетін тәрбие – елдің ертеңін айқындайтын басты фактор.

1. Отансүйгіштік – туған жерді, елді, халықты сүю.

БАҒДАР



**Асылхан АБИЛГАЗИНА,
Ақтөбе облысы
мамандандырылған
ауданаралық әкімшілік
сотының судьясы**

Сот жүйесін жетілдіру, жалпы осы бағыттағы шараларды сапалы, кешенді іске асыру – заң үстемдігін қамтамасыз етудегі басты басымдықтың бірі.

Заң үстемдігінің берік орнығып, сот төрелігінің әділ атқарылуына әрқашан ерекше мән беріледі. Мемлекет басшысы 2023 жылы 12 қыркүйекте отандық бизнес өкілдерімен кездесуі кезінде дербес кассациялық саты құру мәселесі бойынша заңгерлер мен кәсіпкерлер қауымымен консультациялар өткізу қажеттігін атап өткен болатын.

Осы орайда, 2025 жылғы 1 шілдеден бастап елімізде кассациялық сот өз қызметін бастайды. 2024 жылғы 5 шілдеде ҚР Конституциялық заңы қабылданған болатын. Бұл заңның 1-бабының 4-тармағында «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңға өзгерістер енгізілді. Кассациялық соттарды құруға қатысты нормалар 2025 жылғы 1 шілдеден бастап заңды күшіне енеді деп көрсетілген.

Енгізілген өзгерістерге сәйкес, кассациялық соттарды Жоғарғы Сот төрағасының Жоғарғы Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша ҚР Президенті құрады, қай-



Тарихты білу, батыр бабалардың ерлігін құрметтеу – нағыз патриотизмнің негізі.

2. Адалдық пен әділеттілік – адал еңбектің, таза ниеттің, әділ шешімдердің құндылығын ұғындыру. Бұл – сенімді қоғам мен мықты тұлға қалыптастырудың жолы.

3. Еңбекқорлық пен табандылық – жеңіс пен жетістікке тек еңбекпен жетуге болатынын түсіндіру. Еш нәрсе оңай келмейтінін, табысқа тек тынымсыз еңбек арқылы қол жеткізуге болатынын үйрету.

4. Ізгілік пен адамгершілік – қайырымдылық, кешірімділік, үлкенге құрмет, кішіге ізет сынды қасиеттерді бойына сіңіру.

5. Білім мен білімге құштарлық – заманауи, білімді ұрпақ қана елдің дамуына серпін береді. Білімге ұмтылу – болашаққа салынған ең берік көпір.

6. Тәуелсіздік пен еркін ойлау – өз пікірін ашық айтуға, еркін ойлауға, жаңашыл болуға тәрбиелеу. Бұл – көшбасшы ұрпақтың сипаты.

Менің ойымша, осындай құндылықтарға негізделген тәрбие жас ұрпақты саналы, инабатты, жігерлі де қайратты болуға ынталандырады. Мұндай іс-шаралар рухани тәрбиенің негізіне айналуы керек.

**М. КУСМАНОВА,
Жарма аудандық сот әкімшісі басшысы
АБАЙ ОБЛЫСЫ**

ЗАМАН СҰРАНЫСЫНАН ТУҒАН РЕФОРМА

та ұйымдастырады, атауын өзгертеді және таратады.

Кассациялық соттар судьяларының жалпы санын Жоғарғы Сот төрағасының Жоғары Сот Кеңесімен келісілген ұсынуы бойынша ҚР Президенті бекітеді. Жоғарғы Сот төрағасы уәкілетті органның ұсынуы негізінде әрбір кассациялық сот үшін судьялардың санын Жоғары Сот Кеңесімен келісу бойынша белгілейді.

Енді кассациялық соттың құрылымы мен құрамына келетін болсақ, кассациялық сот төрағадан және судьялардан тұрады.

Кассациялық сотта мамандандырылған құрамдар құрылуы мүмкін.

Кассациялық сот сот істері мен материалдарын кассациялық сатыдағы сот ретінде қарайды; сот практикасын зерделейді және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған сот сатыларының сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды; заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кассациялық сот төрағасы судья болып табылады және судья міндеттерін атқарумен қатар: сотта сот ісін жүргізуді ұйымдастыру мәселелерін шешеді; кассациялық соттың жалпы отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді; сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін облыстық соттың сот алқасының төрағасын, облыстық сот төрағасын, кассациялық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені ҚР заңнамасында белгіленген мерзімдерде кассациялық соттың жалпы отырысының талқылауына шығаруды, сондай-ақ материалдарды Сот жюриіне жіберуді қамтамасыз етеді; сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау және судья әдебі нормаларын сақтау жөніндегі жұмысты қамтамасыз етеді; кассациялық соттың жұмыс жоспарын бекітеді; сот практикасын зерделеуді ұйымдастырады; заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кассациялық сот төрағасының өкілеттіктері мерзімінен бұрын

тоқтатылған немесе аяқталған жағдайда, сот төрағасы уақытша болмаған жағдайда міндеттерді атқару осы сот судьяларының біріне жүктеледі.

Кассациялық сот қажетіне қарай, бірақ жылына екі реттен сиретпей жалпы отырыстар өткізеді. Оларда – кассациялық сот төрағасының ақпаратын тыңдайды, сот практикасын талқылайды және оны жинақтау қорытындылары бойынша төмен тұрған соттардың сот төрелігін іске асыруы кезінде заңдылықтың сақталу мәселелерін қарайды. Сот істерін қарау кезінде заңдылықты өрескел бұзғаны үшін облыстық соттың сот алқасының төрағасын, облыстық сот төрағасын, кассациялық сот судьясын тәртіптік жауаптылыққа тарту немесе тартпау туралы ұсынымды Сот жюриіне беру туралы мәселені талқылайды, кассациялық соттың бір судьясын Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына жібереді, Жоғары Сот Кеңесінің, Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Сот жюриінің және Кадр резерві жөніндегі комиссияның, Жоғарғы Сот жанындағы Сот төрелігінің сапасы жөніндегі комиссияның құрамдарына судьялардың кандидатураларын қарайды және Жоғарғы Соттың кеңейтілген жалпы отырысына тиісті ұсынымдарды шығарады, Кассациялық сот судьясының бос лауазымдарына кандидатураларды қарайды және Жоғары Сот Кеңесіне құжаттарды тапсыру мерзімі аяқталғанға дейін тиісті қорытындылар шығарады, заңда көзделген басқа да өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Кассациялық соттың шешімін қайта қарау Жоғарғы Сот төрағасының ұсынысы бойынша Жоғарғы Сотпен іске асырылады, яғни, кассациялық соттың сот практикасына қарсы шығарылған қаулылары Жоғарғы Сотпен қайта қаралуы мүмкін.

Жалпы бұл реформаның мақсаты – әр сот сатысының тиімділігін арттыру. Сот төрелігін іске асыру сапасы мен азаматтардың сот жүйесіне деген сенім деңгейін арттыруға жаңа реформа жаңа леп әкелетініне сенім мол.

КӨКЖИЕК

Жалпы, республика аумағында елге инвестиция тартып, индустриялық-инновациялық жобаларды дамыту мәселесін Президент біраздан бері көтеріп жүр. Қазақстанның экономикалық дамуы тікелей ел аймақтарына байланысты десек, мұнда Алматы облысының үлес салмағы алдыңғы орында.

«ҚАЙРАТ» ИНДУСТРИЯЛЫҚ АЙМАҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ КЕҢЕЙІП ЖАТЫР

Еңбекшіқазақ, Іле, Қарасай, Талғар секілді аудандардың көптеген өндіріс ошақтарының еркін тыныстап, мемлекет қазынасына ауқымды қаражат құйып, Қазақстанның экономикасына елеулі үлес қосып отырғаны көпшілікке белгілі. Бұл қарқын соңғы жылдары артпаса, кеміген жоқ. Алматы облысының Талғар ауданында басталған «Қайрат» индустриялық аймағының кеңейтілген құрылысы – еліміздегі ең ауқымды индустриялық жобалардың бірі. Жоба Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жедел индустрияландыру, өңірлік өндірістік кластерлерді дамыту және тікелей инвестиция тарту жөніндегі тапсырмаларын негізге ала отырып, өз жұмысын бастаған.

Бұл ауқымды жоба әлемдегі ең ірі құрылыс корпорацияларының бірі – China State Construction Engineering Corporation (CSCEC) компаниясымен бірлесіп жүзеге асырылуда. Мұндағы 177 гектар аумаққа 20-дан астам жаңа өндіріс орындарын орналастыру жоспарланған. Жалпы инвестиция көлемі 1 миллиард АҚШ долларын құрайды. Осы жоба арқылы «Қайрат» ең ірі көлемде қаржы тартылған бірегей индустриялық аймаққа айналып отыр.

Кешеннің ішкі инженерлік инфрақұрылымының барлығы инвес-

торлар есебінен салынады. Сыртқы желілерді тарту облыс әкімдігінің құзыретінде. Бұны көпшілік мемлекеттік бюджетті айтарлықтай үнемдеуге мүмкіндік береді деп отыр. China Construction компаниясының ресми өкілі Чэнь Сяюнь журналистерге: «Біз мамыр айында құрылыс жұмыстарына кірістік. Жоба аясында өндірістік нысандар, логистикалық және қоймалық кешендер, саябақтар, павильондар, орталық, әкімшілік ғимараттар мен қонақүйлер салынады. Құрылысты үш жыл ішінде аяқтауды жоспарлап отырмыз. Инвестиция көлемі 1 миллиард доллардан асады, ал іске 20 компания тартылған», – деді.

Geely автоконцернінің қатысуымен машина жасау кластерін құру – жобаның негізгі бағыттарының бірі. Бұл бағыт аясында автомобиль компоненттері мен тораптарын осы аймақта өндіру жоспарлануда. Қазақстандағы автокөлік өнеркәсібінің дамуына бұндай шешімдер жаңа серпін береді деп күтілуде. Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев: «Қайрат» жобасы – Мемлекет басшысы айқындаған стратегиялық мақсаттарға толық сәйкес келеді. Біз заманауи индустриялық платформа қалыптастырып, жаңа жұмыс орындарын ашып, экспортты арттырып, тұрақты экономикалық өсімді қамтамасыз етудеміз. 1 миллиард

долларлық инвестиция – жүйелі жұмыстың және халықаралық әріптестердің сенімінің нәтижесі», – деп баяндады.

«Қайрат» индустриялық аймағында бірнеше кәсіпорын табысты жұмыс істеп жатыр:

- Техно НИКОЛЬ Орталық Азия – жылу оқшаулағыш материалдар өндіреді;

- Safa Industrial – құйма өнімдер шығарады;
- QazMetProduct – метиз өнімдерін өндіреді;
- SUNLONG – тау-кен саласына арналған компоненттер жасайды;
- Hong Shun – сұйық шыны шығарады.

Индустриялық аймақтың басшысы Ербол Шокаев: «Қайрат» – бұл жай ғана өндірістік алаң емес, толыққанды индустриялық экожүйе. Біз инвесторлар үшін жобаларды жедел іске асыруға барынша қолайлы жағдай жасап отырмыз. Әкімшілік кедергілерді азайтып, жан-жақты қолдау көрсетеміз», – деді.

Жоба Алматы облысындағы жалпы көлемі 1786,7 гектарды құрайтын алты индустриялық аймақты дамыту бағдарламасы аясында іске асып жатыр. Сонымен қатар, 96,6 мың гектар аумақта орналасқан «Алатау» арнайы экономикалық аймағын дамыту жалғасуда. Мұнда 3,7 трлн теңге инвестиция тартылып, 34 мың жұмыс орны ашылды деп жоспарланған.

Индустриялық аймақ жергілікті халықтың жұмыспен қамтылуына, шағын және орта кәсіпкерліктің көтерілуіне, бәсекеге қабілетті орталардың қалыптасуына елеулі ықпал ететіні сөзсіз.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

күрделі жөндеу жұмысы, Хан ордасы музей-қорығы құрамындағы Хан мешіті мен Жәңгір хан кесенесіне ғылыми-реставрациялық жұмыс жүргізіліп жатыр.

Бұл тізімде Х.Бөкеева атындағы қазақ драма театрының күрделі жөндеу жұмыстары да тұр.

Құрылғанына 25 жыл толуына орай Ғ.Құрманғалиев атындағы БҚО филармониясының Дәулеткерей атындағы қазақ халық аспаптары оркестрі және отыз жылдық белесті бағындырған «Атамекен» халық би ансамблі Президенттің Құрмет грамотасымен марапатталды. Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясы «Атамекен» вокальды-камералық ансамблінің жетекшісі Күнсылу Көптілеуова мен Ш.Қажығалиев атындағы эстрадалық-симфониялық оркестрінің көркемдік жетекшісі Никита Пологнюк Президенттің Алғыс хатына ие болды. Сала ардагерлері Кәрім Өтеғұлов, Марат Бигалиев, Қанатқали Қожақов, Людмила Шевелева «Еңбек ардагері» медалін тақты.

Жұмысшы мамандығы жылына орай техникалық қызметкерлер де ұмыт қалмай, барлығы 20 адамға қаржылай сертификаттар берілді.

Бөкей ордасы ауданы мәдени-демалыс орталығының хореографы Сәуле Сүндетова, Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармонияның суретшісі Қалел Қазиев және Шыңғырлау аудандық мәдени-демалыс орталығының директоры Сайын Әжіғалиев «Мәдениет саласының үздігі» атанды. Салтанатты жиында басқа қызметкерлерге де марапаттар табыс етілді.

Ж.ҚҰДАЙБЕРГЕН

ХАЛЫҚ ПЕН НАРЫҚ

НАРЫНҚОЛ КАРТОБЫНА СҰРАНЫС ЖОҒАРЫ



Алматы облысы Райымбек ауданының ғана емес, күллі Қазақстандағы ең танымал азық-түлік өнімдерінің қатарында Нарынқол картобының орны бөлек. Дәмі мен тағамдық қасиеттері жағынан өзгелерден озық тұрған бұл өнімге әрдайым сұраныс жоғары.

Сондықтан базардағы кейбір сатушылар өзге жерде өсірілген картопты тезірек өткізу үшін оның атын жиі пайдаланатын көрінеді. Өйткені бір кездері 8 мың гектарға дейін алқапта өсірілетін бұл өнімнің көлемі айтарлықтай кеміп кетті. Бұған нарықтың өтпелді кезеңінде қараусыз қалып, жарамсыз болып қалған суландыру жүйелерінің әлі күнге дейін қалпына келтірілмеуі өз әсерін тигізді. Келесі жылы құрылғанына 90 жыл толғалы отырған шекаралық ауданның 7 жыл бұрын Кегеннен қайта бөлініп шыққан соң тынысы ашылды. Оның өзінде алғашқы бесжылдықта басты назар ішкі инфрақұрылымды қалпына келтіруге бағытталды. Сондықтан өндірістік шаруашылықтарды қалпына келтіріп, олардың қызметін жандандыру енді ғана басталды. Соның бір дәлелі – Нарынқол картобы.

Ештен кеш жақсы дегендей, Райымбек ауданы Тегістік ауылындағы «Altyn Dan-1» ауыл шаруашылығы кооперативі Ұлттық зияткерлік меншік институтына 2024 жылы 24 сәуірде Нарынқол картобын Географиялық нұсқамаға кіргізуге берген өтінімі бойынша №99 куәлік алды. Оның жарамдылық мерзімі – 10 жыл. Осы арада оқырманға түсінікті болу үшін Географиялық нұсқамаға аз-кем анықтама бере кеткен артық болмас. Ол зияткерлік меншіктің жаңа, бірегей бөлігі болып табылады. Ұлттық зияткерлік меншік институты бүгінге дейін отандастарымызға Географиялық нұсқаманың 71 куәлігін берген.

«Тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері, географиялық нұсқамалар және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы» заңға сәйкес географиялық нұсқама ол белгілі бір аумақтан шығарылатын, сапасы, репутациясы немесе басқа да сипаттамалары едәуір дәрежеде оның географиялық шығу тегімен байланысты тауарды сәйкестендіретін белгілеме. Оған берілген құқық иелеріне өнімдері қолданыстағы стандарттарға сәйкес келмейтін үшінші тұлғалардың география-

лық нұсқаманы пайдалануына жол бермеуге мүмкіндік береді. Алайда, ол өз иесіне осы нұсқамаға арналған стандарттарда белгіленген технологияны пайдалана отырып, басқа тұлғалардың оған ұқсас өнімдерді өндіруіне тыйым салу құқығын бермейді. Сондықтан да Нарынқол картобы деген кезде Райымбек ауданының атауы бірге аталады. Сол себепті жаңарып, жаңғырып жатқан Райымбек ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуын тұрақтандыруда – Нарынқол картобының орны ерекше деп сеніммен айтуға болады. Оны аудан әкімі Берік Дүйсенбаев бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен кездескен кезде жасырмады. Оларға өзі жолбасшы болып «Altyn Dan-1» ауыл шаруашылығы кооперативінің жұмысымен таныстырып, олармен бірлесіп жүзеге асырып жатқан жобаларының тек бір ауыл үшін ғана емес, күллі аудан үшін қаншалықты маңызы барын барынша түсіндіруге тырысты. Өзі ғана емес, ауыл шаруашылығы, экономика және бюджет, жер қатынастары, қаржы, кәсіпкерлік мәселелері жөніндегі орынбасары Самат Сатылғановты да сұхбатқа жиі араластырып отырды.

«Altyn Dan-1» ауыл шаруашылығы кооперативі 2022 жылы 10 шаруа қожалығынан құрылған. Бұл жерде 3 мың гектар егіс алқабы бар. Бұған дейін мұнда суғару жүйесі бұзылғандықтан бұғар болып жатқан еді. Мемлекеттің су үнемдеу технологиясына және жаңбырлатып суғаруға қатысты бағдарламалары бойынша субсидиясының арқасында осы жердің барлығын суғармалы жерге ауыстырып жатырмыз. Картоп қазіргі таңда 170 гектарға егілді. Оны келесі жылы 350 гектарға жеткізу жоспарда бар. Болашақта қойма салуды субсидиялау бағдарламасы бойынша осы алқаптан сиымдылығы 10 мың тонналық жаңа картоп қоймасын салуды да ойластырып жатырмыз. Өздеріңіз жақсы білесіздер картоп бағасы былтырдан бері шарықтап тұр. Өйткені оған табиғаттың да өз әсері бар. Тұқым қымбат болды және вирустар келіп Қазақстан бойынша өнімділік төмен болды. Биыл өнімділікті жоғарылату үшін біз Еуропа елдерінен 200 тоннадай тұқым әкелдік. Қазір егу жұмыстары жүріп жатыр. Жаңбырлатып суғару жүйесі толық қосылған кезде өнімділікті жоғары көрсеткіштерге жеткіземіз. Биыл алғашқы өнімдерімізді Алматы облысында тамыз айында қолжетімді бағада сатуға шығарамыз, – дейді кооператив төрағасы Дулат Құлмамұров.

Д.Қабылұлының сөзіне қарағанда, былтыр олар 150 гектар картоп еккен алқапқа Райымбек ауданында ең бірінші тамшылатып суғару технологиясын әкеп қондырған, қазір ол толық жұмысқа қосылған. Биыл олар картоптың Нидерландының «Артемис», «Аризона», «Алуэт» және «Гала» деген сорттарын әкеп отыр. Бұл бағытта олар Қазақ жеміс және көкөніс шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтының «Қайнар» өңірлік филиалымен тығыз байланыс орнатқан. Болашақта кооператив тұтынушыларды Райымбек ауданында өсірілген картоптың отандық «Текес» сортының өнімімен де қайта қауыштыруды жоспарлап отыр.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,
«Заң газеті»



АЙМАҚ

МӘДЕНИЕТ САЛАСЫНЫҢ ӨКІЛДЕРІ МАРАПАТТАЛДЫ



Орал қаласындағы «Атамекен» өнер ордасында Мәдениет және өнер қызметкерлері күніне орай салтанатты іс-шара өткізді. Батыс Қазақстан облысының әкімі Нариман Төреғалиев сала қызметкерлерін төл мерекелерімен құттықтады. Облыс әкімінің айтуынша, аймақ бойынша мәдениет саласында 6 мыңға жуық адам қызмет етіп жатыр.

– Мемлекет басшысы Ақордада өткен мәдениет пен өнер саласы қызметкерлерінің салтанатты жиынында еліміздегі іргелі мәдениет ошақтары туралы сөз қозғай келе, Ақ Жайық елінің мақтанышы Ғарифолла Құрманғалиев атындағы облыстық филармонияға академиялық мәртебе беру туралы пікірін білдірді. Бұл мекеменің 60 жылдық мерейтойы қарсаңында Мемлекет басшысы тарапынан берілген үлкен баға, Ақ Жайық жұртына сағынышпен жеткен «ақжолтай сүйінші» деп білеміз», – деді Нариман Төреғалиев.

Мереке қарсаңында Ғ.Құрманғалиев атындағы Батыс Қазақстан облыстық филармониясының солисі Жаскелең Ғайсағалиевке «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» құрметті атағы берілсе, «Жастар мәдениет сарайының» вокалды-аспаптар ансамблінің солисі Омар Хибашев «Ерен еңбегі үшін» медалімен наградталды.

Әкім жиын барысында, өңірде жыл сайын мемлекет тарапынан мәдениет саласына қолдау көрсетіліп, мәдениет мекемелерінің инфрақұрылымын дамыту, материалдық-техникалық базасын жаңарту жұмысы тұрақты істеліп жатқанын, былтыр Жаңақала, Бөкей ордасы, Казталов және Сырым, 4 ауданда жаңа мәдениет үйлері халық игілігіне пайдалануға беріліп,

Хан ордасы музей-қорығы құрамындағы Хан сарайы (1828 жылы ірге көтерген) Қазынашылық ғимараты (1867 жыл) ескерткіштеріне ғылыми-реставрациялық және облыстық халық шығармашылығы орталығына жөндеу жұмысы жүргізілгенін мәлімдеді.

Облыс жастары да мемлекеттік қолдаудан алыс емес. Осы көктемде – жастар мәдениет сарайы күрделі жөндеуден өтіп, оның базасында шығармашылық бағыттағы «Ozge Epic Oral creative hub» ашылды.

Биыл да бұл игілікті істер жалғасын тауып, облыс бойынша 11 нысанның құрылысы мен 7 нысанның күрделі жөндеуі және 2 ғылыми-реставрациялық жұмыстары қолға алынып отыр.

Бәйтерек ауданы Шапов, Макаров, Көшім ауылдық клубтары мен Достық мәдени-спорт кешені, Сырым мен Жәнібек аудандық кітапханалары, Ақжайық ауданы Көнекеткен мен Қабыршақты ауылдық клубтары, Қаратөбе ауданы Аққозы ауылдық клубы мен Шөптікөл ауылындағы мәдени-спорттық кешен, Жәнібек ауданы Жақсыбай ауылдарындағы мәдени-спорттық кешенінің құрылыс жұмысы басталса, А.Островский атындағы драма театрына, Бәйтерек ауданындағы М.Шолохов музейіне, Бөрлі ауданы Кеңтүбек, Бумақөл, Жарсуат ауылдарындағы мәдениет үйлеріне

КӨКЕЙКЕСТІ



СОТ АКТІЛЕРІН ӨЗ ЕРКІМЕН ОРЫНДАЙТЫНДАР АЗ

Сот шешімі уақытылы орындалуымен құнды. Соған орай сот актілерін орындау мемлекеттегі сот төрелігінің тиімділігін көрсететін құқықтық практиканың маңызды бөлігі болып табылады.

Азаматтар өзінің құқығы мен бостандығын сот арқылы қорғауға дағдыланған. Халық үшін сот – әділдікті қалпына келтірудің, азаматтар мүддесін қорғаудың кепілі. Сот органына жүгініп, өз талабын қойған азаматтардың қай-қайсысы болсын тура төреліктің жасалғанына мүдделі. Ал сот процесінің сапалы қаралып, заңды шешімнің шығарылуы жеңістің тек бір қыры ғана. Соттардың шығарған шешімдерін алған кез келген тарап сот актілерінің нақты орындалуын қалайды.

Сот актілері – азаматтардың құқықтары мен мүдделерін, сондай-ақ мемлекеттік, кооперативтік және қоғамдық ұйымдардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға бағытталған құқық қолдану актісі. Шешім Қазақстан Республикасының атынан шығарылады. Сот шешімін орындау өте маңызды. Ол тараптардың құқықтарын қорғап қана қоймай, құқықтық тәртіпті орнықтыруға және мемлекеттік заңдылықты нығайтуға ықпал етеді. Сонымен бірге сот шешімін бұлжытпай

орындау азаматтарды мемлекеттік заңдарды бұзбау және азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын құрметтеу рухында тәрбиелейді.

Сот актілерін орындау міндеттері «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» заңына сәйкес жүзеге асырылады. Сот шешімдерін орындаудың оңтайлы режимін қамтамасыз ету үшін атқарушылық іс жүргізуге процестік мерзімдер институты енгізілген. Осы заңның 37-бабына сәйкес атқарушылық құжат өндірісіне түскен сот орындаушысы үш тәуліктен кешіктірмей атқарушылық іс қозғайды, ол туралы қаулы шығарады және бір мезгілде атқарушылық құжаттарды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдайды. Осы ретте сот орындаушы атқарушылық құжатты ерікті түрде орындау қажеттігі туралы ұсынысты жібереді немесе тапсырады және борышкерге ерікті түрде орындау үшін мерзім өткеннен кейін көрсетілген талаптардың мәжбүрлеп орындалатыны туралы ескертеді. Алайда, тәжіри-

беден байқап жүргеніміздей сот актілерін ерікті түрде орындайтындар шамалы. Сот актілерін дер кезінде орындамағандарға жауаптылық ба-рын ескерту де айтарлықтай нәтиже бермей келеді. Осының өзі азаматтардың құқықтық сауатының төмендігін, өз ісіне немқұрайлы қарайтынын айғақтайды.

Жалпы алғанда атқарушылық құжатты орындамағаны үшін борышкерлердің әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тар-тылатынын үнемі айтып, түсіндірген дұрыс. Атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 524-бабына сәйкес сот актілерінің талаптарын орындаудан жалтарған азаматтарға 10 АЕК ал лауазымды адамдарға 20 АЕК-ке дейінгі мөл-

шерде айыппұл салынып не 10 тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алу жазасы қолданылады. Ал Қылмыстық кодекстің 362-бабында заңды күшіне енген сот үкімін, сот шешімін немесе өзге де сот актісін қасақана орындамауға, сол сияқты олардың орындалуына кедергі жасағандарға жауаптылық белгіленген. Мұндай заңбұзушылыққа жол бергендерге 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салынады немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салынады не жүз жиырмадан 180 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тар-тып не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға алу жазасы белгіленеді. Ал дәл осы әрекетті билік өкілі, мемлекеттік қызметші, жергілікті өзін-өзі басқару органының қызметшісі жасағанда жауаптылық қатай түседі. Осы ретте жауапкершілікке тарту борышкерді сот актісін орындау міндетінен босатпайтынын да ұмытпағанымыз абзал.

Арыстанбек БЕКБОЛАТОВ,
Маңғыстау облысы
мамандандырылған
экономикалық сотының
төрағасы

ТҮЙТКІЛ

Дамыған қоғамда өмір сүріп жатқанымызға қарамастан, отбасылық зорлық-зомбылық жағдайлары әлі де жиі кездеседі. Көп жағдайда бұл мәселе ашық талқыланбайды, алайда ол туралы айту өте маңызды.

Отбасылық зорлық-зомбылық жасаған тұлғалар Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабына сәйкес жауапкершілікке тар-тылады. Егер олардың әрекетінде қылмыстық құқық бұзушылық белгісі болса, онда кінәлі тұлға Қылмыстық кодекске сәйкес жауапкершілік арқалайды.

«Отбасылық тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу туралы» заңның 4-бабына сәйкес, зорлық-зомбылықтың келесі түрлері ажыратылады:

- физикалық – күш қолдану арқылы адамның денсаулығына қа-сақана зиян келтіру, дене жарақа-тын салу немесе ауырсыну сезімін туғыз;
- психологиялық – қорқыту, шантаж жасау, ар-намысты таптау, адамның психикасына қысым көр-сету, құқыққа қайшы әрекеттер жа-сауға итермелеу;
- сексуалдық – адамның жыныс-тық қол сұғылмаушылығына және еркіндігіне қарсы бағытталған заң-сыз әрекеттер, сондай-ақ кемелетке толмағандарға қатысты жыныстық сипаттағы әрекеттер;
- экономикалық – заңмен кепіл-дік берілген материалдық игіліктер-ден (тұрғын үй, тамақ, киім, мүлік және қаржы құралдары) қасақана айыру.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 73-бабында от-басы-тұрмыстық қатынастар сала-сындағы құқыққа қайшы әрекеттер ретінде былапыт сөз айту, қор-лау, кемсіту, тұрмыстық заттарды бүлдіру және басқа да отбасы мү-шелерінің тыныштығын бұзатын іс-әрекеттер қарастырылады. Ішкі істер органдарының отбасылық зор-лық-зомбылықтан зардап шеккен-



ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ БАЛА ТӘРБИЕСІНЕ ТЕРІС ӘСЕР ЕТЕДІ

дерді қорғауға арналған шаралары ауқымды. Ол үшін зорлық-зомбылық жасаған тұлғамен профилактикалық сұхбат жүргізіледі. Бұл шараның мақсаты – зорлық-зомбылықтың себебін анықтау, оның әлеуметтік және құқықтық салдарын түсіндіру, құқыққа қайшы әрекеттің алдын алу. Екіншіден, ішкі істер органы қорғау нұсқамасын шығарады. Бұл құжатқа сәйкес құқық бұзушыға жәбірленушіні іздеуге, қудалау-ға, байланыс жасауға, тіпті оның тұрғылықты жеріне жақындауға тыйым салынады. Қорғау нұсқама-сының мерзімі – 30 күн. Үшіншіден, құқық бұзушы арнайы орындарда уақытша оқшауланады. Егер құқық бұзушының психикалық ауруы не-месе алкогольге, есірткіге тәуелділі-гі болса, сот шешімімен мәжбүрлі емдеуге жіберілуі мүмкін.

Әкімшілік жазалау мақсатында құқық бұзушыға ескерту беріледі немесе 5 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алынады. Егер ол бір жыл ішінде қайтадан құқық бұзушылық жасаса, жаза он тәулікке дейін ұзартылады. Егер қамау қолдануға болмайтын тұлғаларға (жүкті әйел, жасөспірімдер, мүгедектер) қатыс-ты болса, онда айыппұл салынады. Ата-ана өз міндетін орындамаған, баласына қатыгездік көрсеткен

жағдайда ата-ана құқығынан айы-рылуы мүмкін. Қылмыстық процесс аясында мәжбүрлеу шаралары да қарастырылған.

Қазіргі таңда отбасылық зор-лық үшін жауапкершілік күшей-тілді. Бұрын әкімшілік құқық бұзушылықтар жәбірленушінің ары-зы бойынша тіркелетін болса, енді куәгерлердің, көршілердің айғақта-ры, бейнебақылау камералары мен бейнетіркеуіш жазбалары негізінде де іс қозғалады. Сонымен қатар, жәбірленуші мен құқық бұзушының қайтадан татуласу мүмкіндігі алы-нып тасталды – олар тек сотта және бір рет қана татуласа алады.

Отбасылық зорлық-зомбылық – тек денсаулыққа зиян келтіріп қана қоймай, психологиялық қүйзеліс тудырып, жәбірленушінің өзін-өзі қорғау қабілетін төмендететін аса қауіпті құбылыс. Бұл әсіресе, бала-ларға теріс ықпал етеді, олар зор-лық-зомбылықты қалыпты жағдай ретінде қабылдай бастайды. Сон-дықтан, біз оны түбегейлі жою үшін нақты шаралар қабылдауымыз қажет.

Гүлжан АЗАМАТ,
Атырау қаласы әкімшілік құқық
бұзушылықтар жөніндегі
мамандандырылған
сотының судьясы

КӨЗҚАРАС

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МЕРЕЙІ ҮСТЕМ

Мемлекеттік тілдің мерейін өсіру, мәртебесін көтеру – баршамыздың қасиетті парызымыз. Соның ішінде қазақ тілінің қолданас аясын кеңейтуде мемлекеттік қызметшілерге айрықша міндет жүктелген. Осындай ынта-жігер мен жоғары талаптың арқасында сот саласындағы мемлекеттік тілдің үлесі жыл өткен сайын жақсаруда. Бүгінде барлық құжаттар тек мемлекеттік тілде дайындалады.

Қазақылықтың қаймағы бұзылмаған Райымбек ауданында мемлекеттік тілді қолдануға қатысты ешқандай мәселе жоқ. Азаматтардың бәрі туған тілін жетік меңгерген. Соған орай сот тарапынан өткізілетін шаралардың барлығы мемлекеттік тілде өтеді. Сотқа түсетін шағымдар мен сұраныстардың да тек қазақ тілінде жолданатынын атап өткен жөн. Бұған дейін судья ретінде еліміздің бірқатар өңірінің соттарында төрелік еттім. Сонда Райымбек ауданы тұрғындарының өз тіліне құрметпен қарайтынына, ұл-қызын тек ұлттық рухта тәрбиелейтініне тәжірибе барысында анық көзім жетті.

Тау бөктерінде орналасқандықтан бұл ауданның табиғаты көркем. Өлкемізде туризм нысандары өте көп. Соның арқасында отандық кәсіпкерлердің табысы өсіп, халықтың әл-ауқаты жақсаруда. Алайда, ауданға келген туристердің заңға қайшы әрекет жасап, түрлі құқық бұзушылықтарға жол беретіні шындық. Ал мұндай заңбұзушылықтарға қатысты сот істері тараптардың қалауымен олар білетін тілде қаралатыны түсінікті. Заңның тәртібі солай.

Азаматтық процестік кодекстің 14-бабына сәйкес азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізу қазақ тілінде жүргізіледі, сот ісін жүргізуде қазақ тілімен қатар ресми түрде орыс тілі, ал заңда белгіленген жағдайларда басқа тілдер де қолданылады. Осы кодекстің 14-бабы 2-бөліміне сай, сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді. Өкінішке қарай, сотқа жүгінген азаматтардың өзі де, олардың қорғаушылары да талап-арызды орыс тілінде жазып, жолдауға дағдыланған. Бұл әрекеттерін олар заңдағы терминдерді дұрыс білмеуімен, орыс тілінде арызды рәсімдеудің жеңілдігімен байланыстырып жатады. Шын мәнінде мұның бәрі сылтау. Мемлекеттік тілге жанашырлықпен, сүйіспеншілікпен қарайтын адам талап-арызын да өз тілінде рәсімдеуге тырысуы керек.

Осы ретте мына мәселеге көңіл аударған жөн. Істі сот талқылауына дайындау кезінде екі тараптың да жазбаша өтінішхаты бойынша сот ұйғарыммен сот ісін жүргізу тілін өзгертуге болады. Сондай-ақ егер істі бірінші сатыдағы сотта қарауға дайындау барысында талап қоюшының өз өкілі талап қою берген тілді білмейтінін айтса, судья талап қоюшының жазбаша өтінішхаты бойынша сот ісін жүргізу тілін өзгерту туралы ұйғарым шығара алады. Сот тараптары іс жүргізілетін тілді білмейтін немесе жеткілікті түрде білмейтін жағдайда олар аудармашы қызметіне жүгіне алады. Сондай-ақ есту, сөйлеу қабілеті нашар, мүмкіндігі шектеулі жандар да сотта ымдау тілі маманының қызметін тегін пайдалану құқығына ие.

Азаматтардың құқықтық сауаты артқан сайын мемлекетте құқық бұзушылық азаяды. Сондықтан заңдарды түсіндіру, кодекстердегі басымдықтарды таныстыру бойынша іс-шаралар бір сәт те тоқтаған емес. Әсіресе, мемлекеттік тілге байланысты заң тетіктерін үнемі еске салып отыру артықтық етпейді. Өйткені, қазақ тілінің болашағы біз үшін аса маңызды.

Салтанат ҚҰРМАНБАЕВА,
Кеген аудандық сотының төрағасы
АЛМАТЫ ОБЛЫСЫ

ПӘРМЕН

Жол көлік апаттарының салдарынан мезгілсіз көз жұмып жатқандар көп. Сонымен қатар, жол ережесін бұзғандардың кесірінен денсаулығынан айырылып, жарымжан болып қанғандар саны да аз емес. Жүргізушілердің қателігі мен салғырттығынан талай отбасының қара жамылып, көптеген жандардың биік армандарымен қоштасқанына сөт сайын куә болып жүрміз. Құқықтық мемлекетте мұндай өкінішті жағдайлардың жиі орын алуы жақсылықтың нышаны емес. Себебі зайырлы мемлекеттің ең басты құндылығы – адам. Ал сол адамдардың жолдағы апаттардан зардап шегуіне жол бермеу – мемлекеттің басты ұстанымының бірі.

ЖАЛҒАН НӨМІРМЕН ЖҮРГЕНДЕРГЕ ЖАУАПТЫЛЫҚ БАР

Осы мақсатта жол көлік ережелерін бұзушыларға жаза қатайтылып, айыппұлдар мөлшері өсуде. Жүргізушілерді дайындау, жүргізу куәлігін алудың талаптары жыл өткен сайын күшейтіліп жатыр. Алайда, қатаң жаза да азаматтарға ой сала бермейтінін уақыт көрсетуде.

Елімізде жол ережесін сақтаудың ортақ мәдениетін қалыптастыру мақсатында көптеген іс-шаралар жүзеге асырылды. Құқықтық сауатты арттыру үшін түсіндіру жұмыстары қолға алынып, көпшілік орындарда «Жүргізуші, жол ережесін сақта!» «Жүргізуші, сені жақындарың күтіп отыр» деген сияқты ой салатын билбордтар орнатылған. Сонымен бірге бүгінде барлық жолдар мен қоғамдық орындарға бейнебақылау камералары қойылғаны белгілі. Алайда, жылдамдықты күшейтіп, жол ережесін өрескел бұзуға дағдыланған жүргізушілердің көлігіндегі мемлекеттік нөмірді алып тастау, түрлі амалдармен нөмірді анықтауға жол бермеу фактілері жиі кездеседі. Мұндай құқық бұзушылық үшін жауаптылық қатаң.

Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 590-бабы 4-бөлігінде көрінеу жалған немесе қолдан жасалған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері бар көлік құралын басқару, сол сияқты мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілерін сәйкестендіруге кедергі келтіретін не олардың түрін өзгертетін немесе жасыратын құрылғылар мен материалдар қолданыла отырып жабдықталған мемлекеттік тіркеу нөмірі белгілері бар көлік құралын басқарушыларға қатысты жаза дәйектелген. Мұндай құқықбұзушылыққа жол бергендер бес тәулікке дейін әкімшілік қамаққа алынып, бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқа-



Руслан ЖАМАЛБЕКОВ,
Алматы қаласы әкімшілік құқық
бұзушылық жөніндегі
мамандандырылған
ауданаралық сотының
судьясы

ру құқығынан айырылады. Бұрын мұндай теріс әрекет үшін 20 АЕК көлемінде айыппұл салынатын немесе жүргізуші бір жылға көлік басқару құқығынан айырылатын. Енді, жүргізуші құқығынан айыру міндетті шара болып табылады.

Сонымен қатар, 590-бапта қамауға алынбаған адамдарды, мысалы, мүгедектігі бар адамдарды құқық бұзушылығы үшін жазалайтын 4-1-тармақ пайда болды. Мұндай азаматтарға 40 АЕК мөлшерінде айыппұл салынып және бір жыл мерзімге көлік құралдарын басқару құқығынан айыру жазасы беріледі.

Полиция қызметкерлері күн сайын көрінеу жалған немесе жалған мемлекеттік тіркеу нөмірлерін пайдаланатын жүргізушілерді анықтау бойынша іс-шаралар жүргізеді. Бұл қажетті шара. Өйткені, жол ережесін бұзбайтын, көлікті талапқа сай жүргізетін азаматтарға жалған нөмір жапсырып, немесе нөмірді алып тастаудың қажеті жоқ. Заңды сыйлайтын адам теріс әрекеттерге бармайды.

ТАРАТУ

6. «KUN-PAY» ЖШС (БСН 241040002808) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы облысы, Қарасай ауданы, Іргелі ауылдық округі, Іргелі ауылы, Асыл-Арман тұрғын үй алабы, 16-үй, 245-пәтер.

7. «DASTUR GOURMET» ЖШС (БСН 180640002578) (Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 148-үй) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Төле би көшесі, 113-үй, тел. 87058301124.

8. «Виннер» ЖШС (БСН 040640012448) (Алматы қаласы, Мыңбаев көшесі, 38-үй, 28-пәтер) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Мәметов көшесі, 12-үй, 11-пәтер, тел. 87051111552.

9. Алматы қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасының «Медеу» биік таулы спорт кешені коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны (БСН 871040000021, мекенжайы: Алматы қаласы, Медеу ауданы, Горная көшесі, 465-үй) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Республика алаңы, 4. Байланыс телефоны: 8(727)3700298.

10. «Меркі өнімдері» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативі (БСН 151140024548, ҚР, Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ойтал ауылы, Нұрлы көшесі, 17-үй) өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Жамбыл облысы, Меркі ауданы, Ойтал ауылы, Желтоқсан көшесі, 1-үй. Байланыс телефоны: +77754318877.

12. «АНМ» ЖШС (БСН 000140014459) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: БҚО, Орал қаласы, Сарайшық көшесі, 69-үй.

13. «Павлодар облысы Тереңкөл ауданы әкімдігінің халықты жұмыспен қамту орталығы» КММ (БСН 110640015735) өзінің таратылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Тереңкөл ауданы, Тереңкөл ауылы, Тургенев көшесі, 77 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады.

14. «Дарын қайырымдылық мекемесі» Мекеме (БСН 210840019736) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Абай облысы, Семей қаласы, Галето көшесі, 34А үй.

15. «Коммеск-Өмір» өмірді сақтандыру компаниясы» АҚ Көкшетау қаласындағы «Коммеск-Өмір «ӨСК» АҚ филиалының жабылғаны туралы хабарлайды (БСН 110841001916). Есептік тіркеуді алып тастауға «Коммеск-Өмір «ӨСК» АҚ Директорлар кеңесінің 20.05.2025 жылы №14 хаттама шешімі негіз болып табылады.

Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Наурызбай батыр көшесі, 19, тел: +7(727)2447400.

16. «BIV-GROUP» ЖШС (БСН 071040009018) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, 70 көшесі, 28-үй, 237-кеңсе.

19. «Құбыр-Аймақ» ЖШС (БСН 250140013635) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Шарбұлақ ауылдық округі, Ақбастау ауылы, Ақбастау көшесі, 17-үй, пошта индексі 160300.

20. «Kazakh Petroleum Mining Limited» ЖШС (БСН 140140017194) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Жуалы 22, тел. 87073454209.

21. «Дезинфекция Актөбе» ЖШС (БСН 250140004521) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Ақтөбе қаласы, Жібек жолы 1258, тел. 87058361116.

22. «ХЕВИС» ЖШС (БСН 220940032293) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда

қабылданады: Қарағанды қаласы, Молокова көшесі, 119/1, тел. 87018018490.

23. «KZ Inter trade» ЖШС (БСН 220340040649) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Ақсай-5 ықшам-ауданы, 3Б үй, 101-кеңсе, тел. 87712843783.

24. «Aishok» ЖШС (БСН 231140028924) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Торайғыров көшесі, 49/1 үй, тел. 87021166559.

ӨРТУРА

5. Қостанай қалалық соты Қостанай қаласында, Мирошниченко көшесі, 10-үй, 64-пәтерде тұратын Александр Владимирovich Силагиннің өтініші бойынша Силагина Надежда Федоровнаны қайтыс болған деп жариялау туралы Азаматтық іс қозғады, 1989 жылы 10 қыркүйекте туған, ұлты орыс Қостанай облысы, Қостанай қаласының тумасы, Соңғы тұрғылықты жері: Қостанай қаласы, Мирошниченко көшесі, 10-үй, 64-пәтер. Азамат Силагина Надежда Федоровнаның тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдар болса осы хабарландыру жарияланған күннен бастап үш ай мерзімде сотқа хабарлассын. ҚР, Қостанай қаласы, Победа көшесі, 72-үй.

11. Алатау аудандық сотының 2025 жылғы 25 сәуірдегі ұйғарымымен Алматы қаласы, Ненирович-Данченко көшесі, 43А үй тұрғыны Екатерина Вячеславовна Мигальдің арызы бойынша, 19.09.1962 ж.т., Алматы қаласының тумасы, жұмыссыз болып танылған азамат Олег Вячеславович Зубаревты қайтыс болды деп тану туралы №7575-25-00-2/1982 азаматтық ісі қозғалды. Алматы қаласының Алатау аудандық сотына, осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 3 ай мерзімде, О.В.Зубаревтың тұрған жері туралы мәліметтері бар адамдарға, Алматы қаласы, Шаңырақ-2, Жанқожа батыр көшесі, 26/1, тел. 8 727 333 14 04 хабарласуыңызды өтінеміз.

17. «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің Көкшетау қаласы № 23 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі (БСН 230340022644) «Ақмола облысы білім басқармасының Көкшетау қаласы бойынша білім бөлімінің Көкшетау қаласы бойынша техникалық мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне қосылу арқылы өзінің қайта құрылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Көкшетау қаласы, Шәкәрім Құдайбердиев көшесі, 57 мекенжайы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай ішінде қабылданады. тел. 8-(7162)-50-18-94, электрондық мекенжайы: obrazovaniekokshe@mail.ru.

18. Қышыма ошағынды жүргізілетін дезинсекциялық іс-шаралар
Қышыма – қышыма кенелері тудыратын жұқпалы тері ауруы. Инфекция көбінесе науқас адаммен тікелей байланыста немесе ауру адамның заттары арқылы (төсек, сүлгілер, жуғыштар, жұмсақ ойыншықтар, науқас адамның киімдері және т.б. арқылы) беріледі.
Аурудың белгілері:
- негізінен кешке және түнде терінің қышуы;
- саусақтардың арасындағы қатпарларда, кеуде терісінде, іште, белде, бөкседе, санның ішкі бөлігінде орналасқан жұптасқан ұсақ түйіндер, везикулалар түріндегі бөртпелер. Сонымен қатар, балаларда бөртпе жиі алақанда, табанда, бас терісінде және бетінде пайда болады.
Ошақтарда қорытынды дезинфекциялауды науқасты емдеуге жатқызғаннан кейін немесе амбулаториялық емдеуден соң жүргізеді (ауылдық жерде бір тәулік ішінде, қалада – алты сағаттан кейін).
Үй жағдайында ағымдық және қорытынды дезинфекциялауды науқасты күтетін адам немесе науқастың өзі жүргізеді; медициналық, білім беру ұйымдарында және басқа да объектілерде медицина қызметкері жүргізеді.
Қорытынды дезинфекциялау мыналарды қамтиды:
1. Киімдерді, төсек жабдықтарын, үй-жай жабдықтарының заттарын дезинсекциялау.
2. Барлық қорытынды дезинфекциялау іс-шаралары бір уақытта орындалады, заттар дезинфекциялау камерасында өңделеді.
3. Науқастың заттарымен жанасқан төсек жабдықтарын, киімді, жұмсақ ойыншықтарды және басқа заттарды қолдануға рұқсат етілген инсектицидтердің бірімен толтырылған арнайы қаптарға салып, дезинфекциялау камерасына дезинфекциялауға жібереді.

25. «Mega Center Management» акционерлік қоғамы (Mega Центр Менеджмент) (БСН 071240005647) «Mega Center Management» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі (Mega Центр Менеджмент) болып қайта құрылу жолымен өзінің қайта ұйымдастырылғаны туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, 050060, Алматы қ., Розыбакиев к-сі, 247 А, электрондық пошта: reception_mcm@megacenter.kz, тел. +7 727 232 25 05 (ішкі 5126).

Баспасөз – 2025

Құрметті оқырман!

«Заң газеті» және «Юридическая газета» газеттеріне және «Заң» журналына жазылу жыл бойы жалғасады. Әр айдың 25-іне дейін жазылсаңыз, басылымдар келесі айдан бастап қолыңызға тиеді.

Біздің басылымдарға «Қазпошта» АҚ бөлімшелері, «Қазпресс» ЖШС дүңгіршектері және Алматы қаласындағы «Дауыс» жүйесі арқылы жазылуларыңызға болады.

Жазылу индекстері:

«Заң газеті»

жеке тұлғалар үшін – 65921,
заңды тұлғалар үшін – 15921

✉ zanreklama@mail.ru

БАНКРОТТЫҚ

27. Астана қаласының СМЭС-тің 14.05.2025 жылғы ұйғарымымен «Радио Трейдинг» ЖШС-не (БСН 040240002684) банкроттық туралы іс қозғалды. Мекенжайы: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Абай даңғылы, 36.

МҰРАГЕРЛІК

2. 04.12.2024 ж. Алтынсариев Қуат Мухаметяровичтің қайтыс болуына байланысты, барлық мұрагерлерін нотариус М.С.Жанакулованың кеңсесіне мұраға құқық туралы куәлік алуға келулерін сұраймын. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Төле би көшесі, 139-үй, 82-пәтер, тел. 87059612201.

3. 2024 жылдың 17 қарашасында қайтыс болған Аманбаев Әуелбектің артынан мұрагерлік іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

4. 2024 жылдың 4 қарашасында қайтыс болған Жағыпбаров Сентмағанбет Алиаскаровичтің артынан мұралық іс ашылды. Мұрагерлері немесе мұра туралы білгісі келгендер болса, нотариус Ғ.А.Шардарбековке келулеріңіз керек. Мекенжайы: Қызылорда облысы, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Т.Рысқұлов көшесі, 5-ғимарат, тел. 87022334499.

Қарағанды облыстық сотының судьялар ұжымы мен Қазақстан Республикасы Судьялар одағының Қарағанды облыстық филиалы Қарағанды облыстық сотының отставкадағы судьясы

Орман Қабыкенұлы Андаровтың

дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстарына қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы
Тел.: (727)292-43-43

8 (708) 929-98-74

E-mail:
zanreklama@mail.ru

ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Media page kz» ЖК, ZANGAZET.KZ - Алматы қаласы, Ақтолық көшесі, 4Б, 1 қабат, 1 кеңсе, www.zangazet.kz, WhatsApp: 8 707 388 40 80.

ИП «Profy Agency kz»
Тел. 8 705 185 75 73, 8 701 739 27 83, 8 747 280 09 12, 8 707 895 21 99.
г.Алматы, пр.Абылай хана, 60, оф.509
e-mail: zan-info@mail.ru, www.zan-info.kz

«KAIROS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kaldybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What’s app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23.
Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Иляев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында, Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp : +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Аюбаева», Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.
«Грация» ЖШС, Атырау қаласы,Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ.,Е. Әуелбеков көшесі,129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17,8(747) 8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ.,Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67,32-49-04

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91,8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаметінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ.,Гоголь көшесі,110,ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211,8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail:zan-at@mail.ru.

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы,182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66,87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ.,пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н.Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777)402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы,Қойкелді көшесі 158 а,ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: (87152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі,73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414,ұялы тел.: 87772256506.

**(Соңы.
Басы өткен №36, 37 сандарда)**

Жап-жарық фардан көзін көлегей-леген куәгердің мұрнына формалиннің, дәрі-дәрмектің иісі келді. Ол өзін лабораторияда тұрғандай сезінді.

– Жақындап қараңыз, – деді тергеуші салмақты үнмен. – Менің жаны-ма келіңіз.

– Япыр-ай, үйренген екенсіз, – деді куәгер дауысы дірілдеп.

– Әрі-бері тұрсаңыз, сіз де үйренесіз.

– Қалай, таныс бас па?!

Әлі дұрыс қарауға дәтім бармай тұр.

– Асықпаңыз. Мұқият қарауға тырысыңыз.

– Жарықты аударасыз ба?

– Міне, міне үйрене бастадыңыз, әлде де жақындаңыз. Мұрнын, аузын, шашын қараңыз.Мойын жағы бинтпен оралған. Шашы қара.

– Япыр-ай, ә... пәлен жылдан кейін менің де қателесуім мүмкін ғой. Жалпы бет-әлпеті келеді екен. Көзінің түсін көрмеген соң айыру қиын ғой.

Патологанотом көзі қара деді.

Иә, жалпы Ғалымға келеді. Дегенмен дәрілеген соң, өзгеріп кеткен бе, ол қара торы сияқты еді. Қасы да қою болатын.

Иә, дәрінің әсерімен өзгереді. Сосын бұл денеден бөлек бас, оның қан-сөлінің бәрі денемен кеткен.

Денесін көрсем таныр едім. Оның оң жамбасында үлкен қалы болатын. Ал мынадан толық айыра алмай тұрмын. Мүмкін ол да болмауы... А... а есіме түсті. Сол жақ құлағының сыртында бармақтай қалы болатын. Содан қысылып, үнемі шашын өсіріп, жауып жүретін.

– Солай ма.... тергеуші басты аударып, сол жақ құлағының сыртын көрсеткенде, бармақтай қара қал көрінді. Оны көрген бизнесмен ой бауырымдап өкіріп қоя берді.

– Қайран досым-ай, жауыздар, Алла жазасын берсін. Көмектесетін едім ғой, кездеспей кеткенің-ай, осындай жағдайда көрем деп ойлап па едім...

Сабырға шақырған тергеуші:

– Сіз бізге қатты көмектестіңіз. Енді денесін тапсақ, досыңыздың өсиетін орындап, ата-анасының қасына жерлейсіз.

– Тәңір жарылқасын, солай етіңіздерші. Денесін тапсаңыздар, маған дереу хабарлаңыздар. Айтпақшы конверттің ішінде қойын дәптерімен бірге флешке болған. Оны да сізге тапсырайын. Оны төс қалтама салып жүргем. Мүмкін, оны осы флэшке үшін өлтірген шығар. Білмейміз ғой... Олай да болуы мүмкін...

3

Куәгерін шығарып салып, ішке оралған тергеуші жиынның үстінен түсті.

– Әбеке, бітірдіңіз бе? – деді бастығы оған көңіл аударып.

Айғақ пайда болды. Сізбен сөйлесуім керек.

Кейін, кейін, біз онсыз да қарбалас үстіндеміз. Генерал асығыс келіп кетті. Жоғары жақтан министрдің орынбасары, тағы бірсыпыра қадірлі қонақтар келетін тәрізді. Облыс орталығына жақын аудан болғандықтан, қылмыс ашу көрсеткішіміз жақсарғандықтан, біздің ауданды таңдапты. Соған дайын болуымыз керек.

– Сіз сол басты басқа жаққа ауыстырыңыз. Қонақтар көрмей-ақ қойсын..

– Ісі ашылуға таяу...
– Ол толық ашылмаған іс...
– Сонда қайда апарам?!
– Білмеймін. Қайда апарсаңыз да, көзге түрткі болмасын.
– Үйіме апармаймын ғой.
– Дәрігерлермен сөйлесіп, мәйіт-ханаға қоя тұрыңыз.
– Болмайды.
– Неге?
– Сол болмайды. Жоғалып кетуі мүмкін.

– Әбеке, өзім күйіп тұрғанда күйдірмеңіз. Сол бас сізден басқа ешкімге керек емес. Қазір бұл іс әлі күн-



ТЕРГЕУШІ

ге неге ашылмаған деп басшылар өзімізге бас салады.

– Мен оны сейфіме қоямын. Бір күнге ештеңе етпес. Олар жатып алмайтын шығар.

– Мейлі, сөйтіңіз...

Тергеушінің бар ойы флешке мен қойын дәптерде. Ұйымдасқан қылмыс туралы айғақты қолға түсіргенмен, оған департаментте отырғандар қозғала ма, қозғалмай ма, сене ме, сенбей ме, көзі жетпей, күннен-күнге күдігі молая түсуде. Бірнеше жыл бойы жасырын ат жамылып, жұмыс жасап тұрған оңалту орнының жоғары жақта қрышасы болмауы мүмкін емес қой. Ондай ақша құйылатын қойманы министрліктен бастап, жергілікті орындарға дейін байланысы бар, тамырын тереңге жайған, алым-берімнің сырын білетін алпауыттар ғана басқара алады. Демек, оған құқық қорғау органдарының шама-шарқы жетуі екіталай.

Флешкедегі қара тізім, бейнежазба таспалары, суреттер қойнына тығылған бомбадай өзін қоярға жер таптырмайды. Кешелі-бері ұжымның басшысынан-қосшысына дейін бейуақытта сап ете қалған мәртебелі қонақтарды күтіп алумен әлек. Бөлмелер аударылып-төңкеріліп, жиһаздар орын ауыстырған.Терезе алды гүл құмыраларына толы. Бұлар жайыптан қайдан келіп қалған деп таңданды. Сірә, қызметкерлер үйлеріндегі барын әкелген болу керек. Өмірі сұрту көрмеген сыртқы емен есіктер мен терезе жақтаулары сірке сумен жуылып, жылтырап көз сүріндіреді.

Залдағы сынық орындықтардың орнына жаңасы қойылған. Есік алды су сеуіп сыпырылғандықтан, мұнтаздай тап-таза. Он бес күнге қамалғандар артық ағаш-тасты, сынған бұтақ пен жапырақтарды тасымалдап, зыр жүгіруде.

Тергеушінің бас қойып жүрген бөлмесінің есігі айқара ашылып, нафалин мен хлордың иісі ауада аңқиды.

– Ту...ту... мында не қойған, – деп бет-аузын кіржиткен сержант еден жуатын әйелдерге әмір беріп, өзі жақындамайды.

Басты сейфіне салып, қойын дәптерді папкасына мұқияттап тыққан тергеуші көз алдында болып жатқан қарбаласқа немқұрайлы пішінмен қарап, жоғарыдан келетін мәртебелі қонақтарды осылай көзбояушылықпен қарсы алу әбден бойға сіңіп, қаңға таралып кеткендігінің жанды көрінісін тамашалап тұрды. Бір қызығы, сол мәртебелі қонақтар мұның бәрі көзбояушылық, жасанды жалпылдаушылық, жағымпаздық екенін білсе де, тыйым салмайды. Өздері көп еліктейтін шет елден де сабақ алмайды. Тыйым болмаған соң, тыным жоқ. Ой, мұнымыз жанына жақты ғой деп, жалпылдау мен жағымпаздану жалғасып, болмаған нәрсені болды деп алдарқатып, халық пен биліктің арасына қамал тұрғызушылар бұл әрекеттерінің өздері көпіріп көп ай-

татын демократияны жоққа шығаратынына да мән бермейді. Әйтсе де, осы үрдісті жоғары мәртебелінің өзі сезініп, жалпылдақ, жағымпаз топтан іргесін аулақ салып, халыққа барар, халықтың тілін табар жол іздеуі керек емес пе?! Жоғарыдағылардың сол табыну, жағыну әрекеті төменгі буынға майдай жұғып, солардың жоралғысын айна-қатесіз қайталай береді, қайталай береді....

Міне, аудандық милиция бөлімінде де әшейінде көзге түспейтін ұсақ-түйектің бәрі көзге түсіп, өмірі жиналмайтынның бәрі жиналып, форманың бәрі үтіктеліп, иттің бәрі шомылдырылып, бөлмелер күн-түйнақтай жиналып қалды. Ал түпделікті осылай болып жүруге кім кедергі, жинақы жүру үшін жоғарыдан біреу келу керек пе?

– Әбеке, сіз де парадный форманызды киіп келіңіз, – деді бастығы жауырынан қағып,

– А..аа... ұмытып барам..

Бар ойы генералмен сөйлесе алсам дегеннің айналасында болып, басшысына айтқанда, ол шошып түсті.

– Бұл жолы басқа мәселе. Олар біздің қылмыс ашу көрсеткішіміз басқа аудандарға қарағанда жоғары болғандықтан, жиын өткізіп, соңында дем алуға келеді. Жанында министрдің орынбасары, белгілі жазушы, басқа да қоғам қайраткерлері бар. Оларға аудан әкімі мен мәслихат төрағасы қосылады. Солардың бабын табамыз деп сабылып жүрсек, сіз қайдағы бастың жағдайын айтасыз. Басыңыз ешқайда қашпас. Оны генерал естісе, әлі күнге ашылмаған не қылған қылмыс деп тас-талқанымызды шығарады. Онан да анау тігілген үйді, жайылған дастарқанды көріп, жастарға ақыл-кеңес айтсаңызшы.

Тергеушінің келісуден басқа амалы қалмады.

Бұл араға бұрын да бір-екі мәртебе келгені бар. Алайда, бұл жолғы мәртебелі қонақтарды қарсы алу салтанаты ерекше екен. Айналасы жасыл орман, көгалды алаңға он екі қанатты ағаш үй тігілген. Осындай үйлер Монголиядан қоныс аударған оралмандарда болады дейтін еді. Миллицияның құрғыы ұзын ғой. Тауыпты. Сол ақ орданың ішіне п әрпіндегі үлгімен аласа үстелдер қойылып, еденге түгі кере қарыс кілемдер төселген. Мақпал көрпелермен, аппақ құс жастықтар бұрын ұсталмай, тап осы күнге арнап тігілгендей жайнайды. Үстел үстінде неше түрлі салаттар мен тағамдар, япырай, біздің бастық дегустатырды тапқан екен. Менен басқа пысықтау біреулерге айтса бір жөн.

Анау дастарқандағы тағамдарды талдап-талғап беретін ерлер бар. Тарелкедегі көкөністерді татпай таниды. Торттың неше түрінің наден, қалай жасалатынын майын тамызып әңгімелеп береді. Оны қайдан

білесіңдер десе, кейбіреулері өздері жасайды екен, кейбіреулері әйелдеріне көмектеседі екен. Үйінде әйелдің тірлігін жасаған еркектен далада ірілік шыға ма? Ерлер ұсақталып, әйелдері оларды пышақтап жатқаны да содан шығар.

Бізге таңсық болғанмен, аналардың күнде көріп, ішіп жүрген тағамдары шығар деп ойлаған ол ағаш үйден шыға бере бастығымен ұшырасып қалды.

– Ой, сіз осында екенсіз ғой, қалай? – деді. Оның көзіне ұзындығы екі метр, жауырыны қақпақтай, ірілігімен-ақ іргені қымтап тұратын бастығы осы жолы кішірейіп, үлкен мейрамхананың аспазшысына ұқсап кеткендей әсер етті, неге екенін осы жолы оның алдында өзі кекірейіп қалды.

Ә.. ә.. керемет, жайнатып қойыпты ғой дей салды.

Әйтпегенде, мына көрші ауданнан елбасына тамақ дайындаған аспазды алдырдық.

Солай ма, осы араның аспаздары ше?

Сондай бұйрық түсті.

Ее..е.. бұйрықтың аты бұйрық қой.

Ол ет пісіре ала ма екен?. Бұлар бас-басына бас жейтін қонақтар ғой.

Ол жағын қатырдық қой, қам жеме, Әбеке.

Тергеуден басқа ешнәрсе ойламайтын ол самайынан тер шыпшып парша-парша болып тұрған басшысына қарады да, бастық болмағаным қандай жақсы деген оймен қол созым жердегі мәртебелілер балық ауласын деп дайындап қойған су жағасына қарай аяңдады.

Бар ойы сейфке қойған басы бұзылып кетпей, мыналар тез кетсе, орнына орналастыру. Бастығы да қалалған жерден қан алады. Олар жер кепе тәрізді изолятор үйін аралап не істесін. Бастарын да сұққан жоқ. Енді бастыққа бағынбауға болмайды ғой. Ол бас та, біз мойынбыз. Бас қалай бұрылса, біз де солай бұрыламыз. Қайда қарасаң да солай, басқа қарсы шықса, бастары кетеді. Біз де солай қалыптасып қалған қағида ғой. Бәрін айт та, бірін айт менің басымның денесі қашан табылар екен...

Су тып-тыныш. Моп-момақан. Керемет балық аулайтын күн екен. Қонақтарға балық аулайтын құрал-саймандар сайма-сай.. Олар балық аулайды деймісің. Шіркін , осы арада балық аулап, дем алып жатар ма еді. Сол-ақ екен соңынан «сізді шақырып жатыр, қонақтар келе жатыр» деп қуғыншы жетті. Әркімнің алдында далбақтап қол қусырып, қопандау сүймейтін ісі. Япыр-ай, маңында жылмаңдаған жылпостар толып жүргенде, мені не қылады деп іштей наразы.

Дүңкиген-дүңкиген джиптер тоқтап, қонақтарды қарсы алуға бәйек болған көптің бірі боп ол да жылжыды. Алға ұрмысғысы келгенмен, денесі қырсығып, кежегесі кейін тартады. Ақыры абыр-сабыр басылғанда, шетте селтиіп тұрған онымен өздері келіп, амандаса бастады.

Мәртебелі қонақтарды төрге шығарып, етек жаққа қарай жайғасқан соң, тергеуші үйреншікті ағысына қарай бұрылып, менің сейфтегі басымнан мына бастардың артықшылығы неде деп салыстыра бастады. Егер оның басына түскен әділетсіздік пен ауыртпалық мыналарға түссе, не болар еді.... Бұлар да түрмеден бір-ақ шығар ма еді. Әй, қайдам... Ал егер оның талайына осылардың тағдыры жазылғанда ше. Онда бір мықты болып шығар ма еді. Тіпті осы отырғандарды шаңына да ілестірмейтін ғұлама болып шығуы да мүмкін ғой. Оның бас бітімі бөлек. Мыналардың бірінің басына ұқсамайды. Тек анау төрде отырған жазушының бас бітімі келіңкірейді. Кеңінен ойлайтын кемеңгер екені көрініп тұр. Генералдың бас бітімі де қушық, төбесі шошақтау. Одан бері министрліктен келген қонақтың басының ені мен биіктігі бірдей, желкесі шығыңқы. Мына осы ауданның әкімінің басы сопақ. Сопы құ-

сап басын шұлғи бергесін бе екен. Мәслихат төрағасының басы жалпақ, әбден жалпақ шешей боп үйреніп қалған ғой. Біздің бастықтың басы ор киіктің басындай, бет жағы сүйір, құлағы артқа қарай құлаған. Тыңшылығынан болар.

Япыр-ай, біреуі де менің сейфімдегі басқа ұқсамайды. Менің өз басым қандай екен?! Бір ауық құлағын біреу алақанымен басып тұрып, ашып жібергендей жан-жағы гу ете қалды. Ол сонда ғана қайда отырғанын түсінді.

Тергеуші сонша қапылдырған қонақтардың тез кеткеніне қуанды. Іштей баспен сөйлесіп, «Сейфте бір түн түнеп шық, ертең орныңа бара-сың, есесіне жатқан орның шаң-тозаңнан тазарып, саған шарапаты тиіп қалды. Енді анау қанішерлерді ұстап, денеңнің қай жерде жатқанын тапсақ, әке-шешеннің жанына жерленесің» деп күңкілдеді. Әйелі есік ашып, аңқып тұрған арақ иісінен мұрнын басты.

– Туу.... ту... соншама ішкенің не?

– Көшедегі ит-құспен ішкен жоқпын ғой..

– Кіммен ішсең де бәрібір емес пе? Тойып алыпсың ғой.

– Жо...қ...жоға... шырағым, мәртебелі қонақтармен іштім. Ондай қонақтармен табактас болу, рәмке соғыстыру да әркімнің маңдайына жазылмаған көрінеді. Солай десті аналар.

–Жақсы болған екен, жұғысты болсын. Жатып дем алшы, балаларды оятасың.

Тергеушінің жатып ұйықтай кететін ойы жоқ.

– Әй, сен не білесің, солар келеді деп ана менің байғұс басымды қаңғытып жіберді ғой. Біздің бастық та қызық. Өлгенше айттым, онда бармайды, құлағалы тұрған жертөленді хан сарайына үйреніп қалғандар не қылсын, қозғамайық дедім. Тыңдады ма, қадалған жерінен қан алады. Ну что бас тұрса, олар бас көрмеп пе, немене шошып кетіп, іштеріндегі баласы түсіп қала ма. Еркек емес пе. Мені қыштама, мен жатпаймын ұйқым келмейді. Сен мені тыңда. Сол бастардың ішінде менің басыма ұқсайтын бір бас жоқ. Әйелі күлді.

– Айтпа, сен ғұламасың ғой.

– Сен менің басымды айтып тұрмысың...Ақымақ басты. Ақымақ болмасам, саған иттің ұлы итақай салып жатқан екі этажды коттеджді салып бермеймін бе, тақияңа шетелдік машина тар келе ме?

О...о.. басталды. Мен сенен соны сұрадым ба?

Сен де ақымақсын..

Ұйықташы енді.

Жоқ ұйықтамаймын. Сен шатыстырма, мен өзімнің басымды айтып отырған жоқпын. Ана кесілген бас туралы айтып тұрмын.

Қайдағы кесілген бас? Түн ортасында қайдағы-жайдағыны айтпайсайшы..

Әә..әә.... сен білмейді екенсін ғой. Дұрыс. Білмегенің дұрыс. Күйеуің нағыз еркек қой.

Сені еркек емес деген біреу бар ма?

Айтып көрсін.

Айналайын, түн ортасында үйді басына көтермей жата қойшы.

Менің сейфімде бас, қойнымда бомба. Қалай ұйықтаймын, сен болсаң ұйықтар ма едің...

Ой, Алла..ай, қайдағы бас, қайдағы бомба. Сонша есіңнен танғанша ішіп, не болды...

Оңбағандар, қарақшылар, ақша үшін әке-шешесін, тіпті Отанын сататын сатқындар... Басқа обал ...жап-жас жігіт...

Ол күбірлеп барып, қор етті.

Иығынан ауыр жүк түскендей болған әйелі «көп іште десе тыңдамайсың, жас емессің, жүйкең сыр берейін деген ғой... не болса соны сандырақтап кеттің, ұйықта» шешіндіріп, үстіне жапқы жапты.

Зияш ТЕЛЕУОВА,
Ақтөбе қаласы

ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Досымбек ӨТЕҒАЛИЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

Меншік иесі:
«ЗАҢ» МЕДИА-КОРПОРАЦИЯ»
 ЖАУАПҚЕРШІЛІГІ ШЕКТЕУЛІ СЕРІКТЕСТІГІ

МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:

Астана Айша Құрманғали
8 707 851 91 13.

Алматы облысы Нұрбол Әлдібаев
8 701 357 66 84.

Ақтөбе облысы Жансая Есмағанбетова
8 705 398 62 83.

Атырау облысы Боранбай Ғалиев
8 775 543 03 80.

Маңғыстау облысы Жазира Әбіл
8 702 514 54 44.

Қызылорда облысы Гүлбану Мақажан
8 701 697 39 86.

Түркістан облысы Сейітхан Құлмаханбетов
8 707 721 19 59.

Шадияр Мекенбайұлы
87757335665

Батыс Қазақстан облысы Нұрлыбек
Рахманов

8 707 177 80 70.

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі

68 «б»-үй.

Қабылдау бөлмесі:

292-43-43, 8 708 929 9874, zangazet.kz

E-mail: zanreklamaastana@mail.ru

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.

Жеке таралым 6299 дана

Апталық таралым 12 598 дана

Тапсырыс №975 Индекс 65921

Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады

Газетіміздің электронды нұсқасын Zangmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газетті есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қантарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қатпау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШСбаспаханасындабасылыпшығарылды. Тел.:факс.8(727)51-78-27, 8 (727) 51-78-31